оқушысына қазақ жеріне, оның еңбекшіл халқына, қарапайым адамдарының ашық көңіліне таңсық мейірлерді нұрландырса, өзбек ақын және жазушыларының кемелденген шығармаларындағы биік ноталарда жырланған назым және дутар мақамдарының таңғажайып әуендері қазақ оқушысының көңіліне зор қуаныш пен тілеулестік сезімдерін бағыштап, өзбек жұртына деген ынта-ықыласын арттырады.

Қазіргі кезде әдеби байланыстармен бірге екі елдің театр, кино, көркем өнерпаздық және басқа мәдениет саласындағы ұжымдарының да өзара қарым-қатынастары нығайып, бір-біріне гастрольдық сапарлары жиі өтіп жатыр. Екі ел арасындағы туризм жаңа қарқын алып келеді. Бұнда Өзбекстан қазақ ұлттық мәдени орталығы мен Қазақстандағы өзбек этномәдени бірлестігі «Достық» қауымдастығы, екі ел Елшіліктері мен туристік компанияларының және де басқа еларалық ұйымдардың ұйымдастырушылық рөлі үлкендігін айтпай кетпеуге болмайды.

Сондай-ақ, қазіргі күнде екі мемлекеттің облыстары, мемлекеттік және бизнес құрылымдары, ғылым және білім беру ұжымдары, басқа да әлеуметтік салалар мекемелері және қоғамдық ұйымдары арасындағы қарым-қатынастар жиіленіп, делегациялар барып, екі жақтама мүдделі келісімдер жасалып, жүзеге асырылып жатқандығы қуанарлық жағдай. Халықтарымыз арасындағы осындай бауырластық

пен мейір-ілтипат жіптері бір-біріне мығым байланған екен, мәңгі достық байланыстары жасар және жайнар екен, екі бауырлас халық арасындағы жақын әлеуметтік-гуманитарлық, әдеби-мәдени ынтымақтастық және өркендеп дами бермек.

Егемен Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары өз тәуелсіздіктерінің арқасында 28 жылдан бері қолға кіріткен ғасырға татитындай үлкен және әлемдік табыстарға кенеліп, оларды көз қарашығындай асырап, мемлекеттеріміз дамуы, ел-жұрт болашағы және халықтарымыздың әлауқаттылығы жолында орасан және өте маңызды экономикалық, әлеуметтік және мәдени реформаларды жүзеге асырып келеді. Ғасырлық арман-үміттер орындалып, жыл сайын екі ел әр жақтама кемелденіп, құдіреттері артып, бақ-дәулетті болып, абаттанып, өркен жайып келе жатыр. Қоғамдарымыздың мұндай гүлденіп-жайнауы мен жетістіктерге жетулерінің негізгі амалдары – тыныштық, тұрақтылық, ұлтаралық татулық, ынтымақтастық, аузыбіршілік, халықтарымыздың бір-біріне деген ыстық ықыласы мен бауырмалдығы.

Өз құшағына 130-дан аса ұлттар мен ұлыстарды бірлестірген Өзбекстандағы бір миллионнан артық қазақ ұлтының өкілдері өзбек үкіметінің халықшыл және салиқалы ұлттық саясаты және үлкен қамқорлығы арқасында республикадағы барша халықтармен терезесі тең болып, барлық ұлттық құндылықтарын, тілі мен салт-дәстүрлерін сақтап және дамытып,





бауырлас өзбек халқымен тыныштатулықта, дос-ағайын болып жақсы тұрмыс кешіріп келеді.

Өзбекстан қазақ ұлттық мәдени орталығы және оның белсенділері Елбасы төрағалық ететін Қазақстан Халықтары Ассамблеясы мен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы және Қазақстанның Өзбекстандағы Елшілігіменен жақын байланыс орнатып, олардың қолдауларына сүйене келе атажұрттан сыртта болса да, қазақтығына адал болып, ана тілін қаймағы бұзылмаған қалпында сақтап, ұлттық құндылықтарымен ата-баба салт-дәстүрлерін дамытып, балаларына қазақи тәрбие беріп келеді.

Халықаралық Д.А. Қонаев қорының бөлімі, қазақ тіліндегі «Нұрлы жол» газеті, «Дидар» телебағдарламасы және радио хабарлары жұмыс істеуде. Өзбекстан Жазушылар одағы жанындағы Қазақ әдебиеті кеңесіне біріккен ақын-жазушылар қазақ тілінде кітаптар жазып,

баспадан шығарып, мүшайралар, әдеби кештер өткізуде. Мәдени орталықтағы түрлі өнер үйірмелерінде жастарымыз таланттарын шыңдап, республикалық және халықаралық байқауларда жүлделі орындарды иеленіп, ұлттық өнерімізді паш етуде. Ташкенттегі Низами атындағы педагогика университеті, Нөкіс мемлекеттік университеті, Гүлістан және Науаи мемлекеттік педагогика институттарында «Қазақ тілі және әдебиеті» бөлімдері болып, оларда мыңдаған қазақ жастары білім алуда. Республикадағы 200-ден астам қазақ мектептері оқушыларға өз ана тілінде білім беріп келеді.

Республиканың түрлі аймақтарында қазақ ұлт өкілдері дәстүрлі егін, мал шаруашылығы, өнеркәсіп, ғылым-техника, қолөнер сияқты алуан кәсіптермен айналысып, өндірісті дамытып келеді. Өндіріс пен әлеуметтік салаға қазақ ұлтындағы көптеген





мамандар, зиялылар, ғалымдар жұмылдырылған. Олардың арасында екі Өзбекстан қаһарманы, үш Жоғары Мәжіліс депутаты, көптеген ғылым докторлары мен кандидаттары, академиктер мен профессорлар, спорт және өнер шеберлері, жоғары үкімет марапаттарына ие болған азаматтар бар.

Қазақ қауымының өсіп-өркендеуі және оның мәдени орталығының жұмысы үшін республикада барлық жағдайлар жасалған. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қасындағы Ұлтаралық қарым-қатынастар және шет мемлекеттермен достық байланыстары комитеті төңірегінде бірлескен ұлттар мен ұлыстар арасында оның мәртебесі биік, ісі озық, көш басында келеді. Жалпы айтқанда, қазақ жұртшылығы республиканың әр жақтама дамуы, елдің өркендеуі және жетістіктерге жетуінде өздерінің сүбелі үлестерін қосуда.

Сонымен қатар ата-жұртымыз – Қазақстанға деген ыстық ықыласымыз өте жоғары. Біз тарихи отанынан шетте болсақ та бауырлас ел, қандас-жандас жұрт, жақын дос көрші ел ретінде Атажұртымыз болған Қазақстанның толағайлы табыстарына жүрегіміз жылып, шынайы шаттанамыз, жетістіктеріне марқаямыз.

Дегенмен, Өзбекстандағы қазақ қауымы ата-бабаларының ежелден қоныс тапқан киелі жерінде - Төле би, Әйтеке би, Жалаңтөс баһадүр және басқа да ұлы тұлғалардың сүйегі жатқан қасиетті топырақта жасап келеді. Сондықтан, олар өздігін танытып, ұлттық құндылықтарын ардақтап, ежелгі қасиеттерін қадірлеп, бай тарихын құрметтеп, ұлттық салт-дәстүрлері мен ана тілін көзінің қарашығындай сақтай береді, ел-жұрт өркениеті және халықтарымыздың бірлігі мен ынтымақтастығы жолындағы міндеттерін бұлжытпай орындай береді.



ЖАҢА ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ЖАҢА ӨРКЕНИЕТ

Жуырда Науаи облысының алыс аумақтарының бірі – “Өтемұрат” ауылында “Үш ұрпақтың кездесуі” атты саяси және мәдени маңызға ие шара өтті. Шара көпұлтты халық тату-тәтті тыныс-тіршілік ететін Қызылқұм қойнауында бұрын-соңды болмаған мерейлі мерекеге айналды.

Соңғы бес жылда тәуелсіз еліміз Өзбекстан өркениеттің жаңа бағытына бетбұрыс жасады десек, әсте қателеспейміз. Бүгін қай жаққа назар салсаңыз да менмұндалап тұрған көркем ғимараттар көзді қуантып, жан-жақтан адамдардың бақытты өмірін айғақтайтын шат күлкісінің жаңғырығы естіледі. Жүзқұдық, Құлқұдық, Өтемұрат, Чуя



ауылдары, ұшқан құстың қанаты талып, жүрген аңның аяғы күйетін Үстүрт жазықтығы бүгін танымастай өзгеріске енді. Сол ауылдардағы әлеуметтік өмірді өткен жылдармен салыстыруға болмайды. Мұны Өтемұратқа бұған дейін көп келгендер де тілге тиек етуде. Шынында



да, бір кездері заманауи жабдықтар былай тұрсын, жақсы жағдай мен ыңғайлы мүмкіндік те табылмайтын әлеуметтік нысандардағы қолайлылықтардың бүгін қаладағыдан мүлдем айырмашылығы жоқ.

Мектеп, балабақша, ауылдық дәрігерлік пункт, тұрмыстық қызмет көрсету нысандары, мәдениет үйлері, кітапхана, даңғыл жол мен қолайлы инфрақұрылым, ауыл өмірі үшін күрделі проблема болып келген ауызсу мәселесі, транспорт, ақпарат-технология коммуникациялары сияқты адамдардың күнделікті өміріне тікелей байланысты қажеттіліктер бүгін шөл-шөлейт аймақтардағы тұрғындар үшін

Қызылқұм өңірінде, орталықтан кем дегенде 300 километрдей қашықтықта түрлі-түсті жарытқыштармен әрленген ауыл ертегілерде айтылатын өзге әлемді жадына салады. Ең негізгісі, бұл тәуелсіз Өзбекстандағы негізінен қазақ, қарақалпақ ұлттары көп жасайтын ауыл екенін аңғаратын болсақ, еліміздің діни бауырмалдық пен ұлтаралық татулық қағидатын қатаң ұстанатын ел екеніне мән беруіміз керек.

Сол күні Өтемұратта өткен “Үш ұрпақтың кездесуі” атты шараға сенаторлар мен депутаттар, министрлер, облыс және аудандардың әкімдері, еңбек ардагерлері, елімізге белгілі өнерпаздар, жастар, ауыл тұрғындары, бұқаралық



ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Шарада сөз сөйлеген Науаи облысының әкімі Қобул Турсунов Тауелібай мен Қызылқұм Өзбекстанда жасайтын көпұлтты тұрғындарға ортақ мекен екенін, халықтың бақытты өмір сүруі үшін бар мүмкіндікті пайдаланатынын, үкімет ешқашан мұндай өңірлерді назардан тыс қалдырмайтынын айтты. Шынында да, аталмыш шара облыс әкімінің сөзін айқын дәлелдейді.

проблема емес. Бір ғана торқалы той өткен Өтемұрат ауылының айлы түндері сахарада алыстан менмұндалап тұрады. Егер бүгін жол түсіп, осы сияқты ауылдарға түн жамылып бара қалсаңыз, алыстан меңзеп тұрған ғаламат ғажайыпқа тап болғандай боласыз. Өйткені табиғаты тым қатал да қайсар

Шараға келген қонақтар алдымен соңғы бес жылда үкіметіміз тарапынан атқарылған игі істер мен соның нәтижесіндегі оңды өзгерістерді баяндайтын шағын бейнероликті тамашалады. “Абат ауыл және абат махалла” бағдарламасы аясында атқарылған құрылыс және жасампаздық



ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

жұмыстарының тек орталықта ғана емес, негізінен алыс аймақтардағы шалғайда орналасқан ауылдарда жүзеге асырылуы Жаңа Өзбекстанда жүргізіліп жатқан сындарлы саясаттың өзіне ғана тән ерекшелігі екенін аңғару қиын емес. Бейнероликте абаттанған ауылдардың өткені мен бүгіні жайлы салыстырмалы түрде оқиғалар бейнеленді. Шынында да, бір кездері астана былай тұрсын, аудан орталығынан да басшының қарасы көрінбеген ауылдарға бүгін Президент барып, халықтың халінен хабар алуы, тұрғындардың мұң-мұқтажын тыңдап, араға көп уақыт салмай олардың өтініштерінің оңды шешім тапқаны жеті



жастағы баладан жетпістегі қарияның да жүрегін елжіретіп жіберді.

Елімізде болып жатқан оңды өзгерістерден рухтанған шара қатысушылары қысқа уақытта атқарылған ғасырларға татырлық игі істер жайлы тебірене сөйледі. Бұл Тәңірі жарылқаған елімізде билік басына келген Президент Шавкат Мирзияевтың арқасында атқарылған істер, әрине.

Осы орайда айта кету керек, елімізде соңғы жылдары бүкіл әлемді алаңдатып отырған “Арал мәселесі” жайлы ауқымды істер қолға алынды. Тіршілік үшін аса қауіпті аймаққа айналуға шақ қалған Аралда адам айтса нанғысыз кең көлемді істер атқарылды. Президенттің бастамасымен миллиондаған гектарға шөл-шөлейт климатына бейімделген өсімдік түрлерінің көшеттері отырғызылды, соның нәтижесінде Арал жасыл аймаққа айналууда. Бұл игі істерге жастар да жұмылдырылды. Жастардың осындай маңызды шараға қатыстырылуының өзіндік мәні бар. Біріншіден, мұндайда оларда Отанға деген сүйіспеншілік оянады, екіншіден, жоба нәтиже берген соң жастар өз еңбектерінің арқасында аса адамилық қасиет танытқанын, ол Жер-анаға деген жанашырлық екенін аңғарады.

Бүгін Арал жанданды. Бір кездері толқыны тасып, тіршілік көзі саналған Арал енді жаңа қырымен бүкіл әлемге танылғалы тұр. Бірнеше жыл бұрын “Қызыл кітапқа” енгізілген сексеуіл көшеттері Арал аумағына отырғызылды, сол көшеттер бүршік атып, бүгін көрген көзді қуантады. Биыл бой көтерген болашақ ну орманға жан-жануарлар да қоныстанып үлгерді. Аралда жуық арада жаңа өмір басталады. Мұның барлығы соңғы бес жылда қолға алынған игі істер екенінен хабардармыз.

Осы күні шара қатысушыларының жанарынан өзгеше бір ерекшелікті аңғару қиын емес еді. Адамдар өткенінен сабақ алып, жіберілген қателіктерден дұрыс қорытынды шығарған, күш-қуатқа





толы бейне бір алыпты есіңе салады. Өйткені отыз жыл бір мемлекет үшін қысқа уақыт болғанымен логикалық тұрғыдан пайымдасаңыз, адам өмірінің толысқан, ерлік көрсетуге қабілеті қалыптасқан ердің жасы. Шынында да, енді дәурен де біздікі, болашақ та біздікі. Оған бізде тәжірибе, біліктілік, қажетті ресурстар да жеткілікті. Тап осы уақытта айналамыздағы елдер де бізді толық мойындап қана қоймай, дұрыс бағыт-бағдармен бара жатқанымызға өзіміздің де, олардың да сенімі кәміл.

Баяндамашылар соңғы жылдары жүзеге асырылған реформалар нәтижесінде, атап айтқанда, 2017-2021 жылдардағы Өзбекстан Республикасы дамуының бес үстем бағыты бойынша Әрекеттер стратегиясын іске асыру нәтижесінде саяси, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-

ағартушылық өмірді түбегейлі жаңартуда, “Ұлттық жаңғырудан – ұлттық дамуға қарай” деген идеяны жүзеге асыруда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілгені атап өтілді.

Шараның бір ерекшелігі, алаң толықтай қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрпын насихаттайтын жабдықтармен безендірілгені адамға ой салады. Өзбекстан деген зайырлы мемлекетте тәуелсіздік тойын әр халық өз дәстүріне қарай тойлауда. Тіпті шараға үкімет басшыларының да қатысуы, халықпен қосылып ән айтып, би билеуі түсінген жанға ерекше бір қуаныш сезімін бағыштайды. Иә, біздің елде ұлтаралық татулық пен діни бауырмалдық үкіметтің қолдауында, тіпті елімізде жасап жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыстың құқығы заңмен қорғалады. Ол жайлы Ата Заңымызда

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

нақты, тиянақты, түсінікті етіп баяндалған. Бұл ерекшелік еліміздің дамуына өзіндік үлесін қосып жатқанына шүбә жоқ.

Қорыта айтар болсақ, жұрт осы күнді көтеріңкі көңіл күймен тойлады. Берекелі дастарқаннан дәм татып, өнерпаздардың орындауындағы әсем ән мен тәтті күйден рухани азық алды. Ұйымдастырушылардың қойған концерттік бағдарламасы көпшілікті баурап алды. Ең негізгісі, шара соңында көгілдір аспанға азаттық пен тәуелсіздікті айқындайтын түрлі түсті салют атылды. Жиналған жұрт таңдана да тамсана қарап, өз-өзіне сене алар емес. Өйткені Қызылқұм қойнауы үшін мұндай құбылыс шынында да жаңалық еді. Бұрын-соңды қайсар табиғат мұндайды

көрмеген. Тіпті осы шақта табиғат адамзаттың өзінен де үстемдігіне тән бергендей еді.

Біз азат та абат елде өмір сүріп жатырмыз. Бүгін болашағымыздың бұдан да жарқын болатынын айғақтайтын берік бағдарламамыз бен оны жүзеге асыра алатын халқымыз бар. Алдымызға қойған асқаралы арман-мақсатымыз айқын, сондықтан да ел ертеңіне сенімді. Дегенмен Президенттің елге, елдің Президентке қолдауы қашан да қажет. Біз, жұмылсақ жұдырық бола аламыз, кеңессек келісе де аламыз. Бұған тарих қашан да куәлік бере алады.

Материалды дайындаған
Рүстем Төленов





ПЕРИЗАТ ҚҰРМАНӘЛІҚЫЗЫ

1987 жылы 18 сәуірде ҚХР Алтай аймағы Шіңгіл ауданы Ағашоба ауылында дүниеге келген.

2004 жылы ата-анасымен бірге Қазақстанға оралып, оқушылық, студенттік өмірін Жетісу жерінде жалғастырған.

Перизат «Оңтүстіктен Солтүстікке көш» еңбек бағдарла-

масы аясында қазір Павлодар облысы Успенка ауданында мәдениет саласында қызмет етуде.

Бала кезінен әдебиет пен өнерге әуес Перизаттың өлеңдері еліміздегі түрлі мерзімді басылымдарда жарияланып келеді. Өлеңдері Республикалық, облыстық, аймақтық мүшәйраларда жүлделі орындарға ие болған.

Қайран бабам!

Қайран қалам, қайда кетіп барамыз?
Уланды ма шыныменен санамыз.
Жоқ-жоқ мүмкін емес,
Көк түріктің көкжалдары,
Бола алмайды алауыз.

Намысы жоқ,
Ағысы жоқ, арнасыздар, жансыздар.
Қашан да бар кейбір кесір қансыздар.
Жетер-жетер енді,
Көкірек көзбен қарашы,
Алашым-ау, аруақтым барсыздар!

Киелі елім!

Мынау жерің, қалай ғана тар саған,
Тіршілігім қайда бүгін бабаларым аң-
саған.

Жамандыққа қимаймын,
Қазағымдай барма ел,
Рухың ол асқақ тұрар баршадан.

Дана қазақ,
Дара қазақ, көк аттыға ермеген,
Ғасырлардан ел намысын бермеген.
Бір жағаң бар, бір жеңің,
Жұдырықсың жұмылған
Сондықтан да ешбір дұшпан жеңбеген.



Туған ел....

Аспан жердің арасын аймалаған,
Жарқыраған айшықты айна ғалам.
Жаным нәзік үлбіреп тұрады ылғи,
Мен мейрім көремін айналамнан.

Арман алға жетелер, биіктерге,
Сүйсінем сүбелі сөз сүйікті елге.
Ойнақтаған қазақтың даласында,
Мен-дағы дархан көңіл киік пенде.

Ұшқан құстың жыр сепкен қанатынан,
Жүрегімде жыр тұнып жаратылған.
Киелі елдің елігі ерке мінез,
Сахарада жүрейін таратып ән.

Жыр сыйлайын тәп-тәтті тілегіммен,
Сүйемін, сүйем сені жүргіммен.
Өшпейтіндей махаббат музам да сен,
Туған ел тағдырымда бір өзіңмен.

Абайдың үні...

Аңсайтұғын Абай үнін
Сағынатын сәттер бар,
Көкірегімде күйіп тұрар өкініш пен
әттең бар.

Өсиетіңнің өлмейтұғын киесі мен
нарқының,

Беу, дүние! Қадіріне жетпеген бар,
жеткен бар.

Қара түнек қара аспанның
Қорқынышын
Жеңдіріген,
Жас қазақтың санасына сәуле сазын
енгізген.

Ғылым менен білім кенін ақ түндіктей
көмкерген,

Абай үні жаңғырығын жүрегіммен
сезгем мен.

Қиқулатып қыл қобыздың зар үніне
Үн қосқан,
Абай таңы мәңгілік таң, оған куә түнгі
аспан.

Көкірегімде күй шалқиды қаным
тулап денемде,

Ақ қағазға тамып жатыр балауыз бір
жыр дастан.

Сәруар жырдың самауыр желі жан
Жылыуым,
Үніңе баба үлесін қоссын өскелең
сенің қыз-ұлың!

Абайдың жолын жалғайтын жастар
жеңімпаз,

Рухты болсын намысын бермес
айбарлы ана тілінің.

Абайдың үні жаһанды шарлап
Жез таңдайларда балқыған,
Әсем әндері ақ Алатауда айбыны
тасып шалқыған

Ең биік шыңым өмірдің мәні
аласармайтын Абай шың,

Өзіңді туған, өзіңді туған айналдым
ұлы халқымнан!



Ана тілім-Қазақ тілім тынысым!

Қазақ тілім қазақтығым рухымның
биігі,

Ғажап тілім азат күнім жанымның жер
ұйығы.

Кеудемдегі жүрегімнің иесі мен киесі,
Тілім ділім жанымның жез киігі.

Асыл тілім өз төрінен түспесе деп
терлеймін,

Өз тілінде сөйлемейтін тексіздерге
сенбеймін.

Тілі үшін бір ауыз сөз айта алмайтын
сорлыны,

Мен мәңгілік көңілімнің көк сызында
жерлеймін.

Мақтанышым қазақ болып жасағаным
тірлікте,

Әр қазағым сүрсін өмір татулық пен
бірлікте.

Тыныштығың дәстүріңмен дәріптелер
тілінде,

Бөлінгеннен тек бөрілер азықтанар
жүздікке.

Тілің мөлдір бұлақ сынды өзек талса
шөл басар,

Тілсіз халық тұрағы жоқ тұқымы
құрып алжасар.

Тілің барда тұғырыңнан түспессің еш
қырандай,

Тіл жасаса ұят жасар бойыңдағы ар
жасар.

Сүйем тілім, кием тілім құрбаның боп
кетейін,

Тілім үшін керек болса құл болып та
кетейін.

Тек тілімнің абройын асқақтата бер
Алла,

Мен де солай арманыма, мақсатыма
жетейін.



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ!



АСАЙ РӘМІШҰЛЫ
*Доктор, профессор,
Монғолияға еңбегі сіңген
дәрігер*

БІЗДІҢ БІРІНШІ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Аспандағы Күн адамзат баласына, күллі тіршілік иелеріне қаншалықты қажет болса, Қазақстан Республикасындағы, мейлі шетелдердегі болса да исі қазақ баласы үшін осы елдің мемлекеттік Тәуелсіздігі ең басты, баға жетпес құндылық. Тәуелсіздік аспаннан кездейсоқ түсе қалған тегін олжа емес, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы құдайдан жалбарына тілеп мың өліп, мың тіріліп жүріп ауыр азаппен, қанмен, термен тапқан қазынамыз, көздің қарашығындай аялап сақтауға тиіс асылымыз.

Шетелдегі (Моңғолиядағы) қазақтардың қайдан келіп, мұнда қалай қалып қойғанын қарапайым моңғол адамдары бұрын толық біле бермейтін. Білдім

дегенде Қытайдағы қазақтардың бөлігі, көне түркілерден қалған бір жұрнақ, я болмаса казак-орыстың бір бөлігі шығар деп пайымдайтын. Бірақ салт-дәстүрі, көшпенді мал шаруашылық кәсібі, тілі өздеріне жақын болғандықтан жатсынбайтын. Дейтұрғанмен кейбір зиялылары Қазақстандағы қазақ халқының бөлігі екендігімізді біле келе «Біздің Моңғол елі жан саны қаншама шағын болса да Манж-қытайдың екі ғасыр отарлаған бұғауының тас-талқанын шығарып, 1911 жылы тәуелсіздігін жеңіп алған, Біріккен Ұлттар ұйымының толық құқылы мүшесі дербес мемлекетпіз. Қаншама жылдар бойы орыстың айтқанына көніп, айдағанына жүріп, солардың жыртысын жыртып құл болып



келе жатқан неткен жігерсіз, жүрексіз халықсындар» деген сыңай танытып намысымызға тиетін. Қайтарар жауап жоқ, қорланатынбыз. Ойланатынбыз.

Қазаққа сын жоқ, расында жігері мұқалған халық едік: қырмандай қырған жоңғар шапқыншылығы, манж басқыншылығы, ақ орыстың отары, оның ізін жалғастырған кеңестік қызылдың қатал тәртібіне қарсы күрескен жаужүрек бабалар жойылып, «Одақ», «Интернационализм» дейтіндердің желеуімен қуғын-сүргінге ұшыраған, естияр ерлері соғыста қырылып, ұяда жетім қалған сыры ауыз, ақүрпек балапандардай рухтан айырылған, мекен жерін кірмелер басып алып, өзге ұлттардың мүддесін аяқ асты етіп, «дүниенің кілті» атанған бір ғана орыс тіліне бағындырып, оның «социалистік, советтік өмір салтын» күшпен таңып бағындырған халықтың жігері мұқалмай да қайда барып күн көреді.

Кеңес одағы, компартия қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын коммунизм дейтін қоғамға бастап бара жатыр, бүгінде оның кемелденген социализм дейтін ақырғы биік кезеңіне жетіп те қойды емес пе? Енді бір қадам аттаса бітті, байлыққа белшеден батып жатады екен. Бәлкі сол одақтың ізін қуа, оның көмегімен тарихта қызыл төңкерісті екінші рет жасаған Моңғолия да кешікпей сол қоғамға жетіп қалар, көсегеміз көгереді деген түсінікте болдық. Па,

шіркін, лениндік идеяның астында, ұлы одақтың құрамында болып аста-төк дүниеге кенеліп отырған Қазақ ССР-індегі қазақтарда не арман бар, олар үшін одақ дейтін отаннан, орыс дейтін тілден өзгенің қажеті де болмас деп пайымдайтынбыз.

Сол кездегі баршамызға ортақ идеология да солай болды, Кеңес одағына, Қазақстанға барып оқып, саяхаттап, өкіл ретінде сапарлап келген бірер-жарым адамдарымыз көлеңкелі жағын ләм деп тіс жарып айта алмайды, кіл көпірте мақтап келеді. Дүние жүзінің басқа елдеріне баруға мүмкіндігі шектеулі, «көкжиектен ары ел жоқ» деп білетін, аз мерзімде сый-құрметке бөленіп қайтатын олардың солай айтып насихаттамасына да лаж жоқ еді. «Социалистік Қазақстан» қатарлы газет-журналдар 1960 жылдардан көп келе бастады. Олардан да коммунистік идеяға адал күрескерлердің сом бейнелерін көреміз.

Дегенмен кейбір көркем туындылар «коммунизм елінің» шын сыр-сипаты әнтек біздің ойлағанымыздай емес екендігінен сыр бере бастады. Айталық, Оралхан Бөкейдің «Қасқыр ұлыған түн» әңгімесі коммунизм елі Кеңес одағында қала мен ауыл тірлігі бірдей бола қоймағанын, адамға деген қамқорлық мәселесі айдалада қалғанын әшкере етсе, Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романы қазақ өзінің жерінде өз



адамының мүрдесін өз ата-бабаларының зиратына қосып жерлей алмайтын күйге жеткенін көрсетіп берді.

Олардан да кереметі, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын Кеңес Одағы бұзақылардың, жуликтердің әрекеті деп жариялап еді, алайда мәселенің себебі жуликтерден емес, қансорғыш сүліктердің әрекетінен болғанын өмір өзі дәлелдеп берді. Қалай болғанмен де сол оқиға социалистік лагерьдің зәресін ұшырумен тынбай, шаңырағын шайқалтты. Біршама елдердің баспасөз, ақпарат құралдары «Алматы бұзықтары» туралы жариялап, жарнамалап жатқанда, бекерде дүниенің дүбірінен бір де бірін қалдырмай хабарлап отыратын Моңғолияның партиясы мен үкіметінің орталық органы «Үнэн» (Шын) газеті үнсіз қалып байсалдылық танытқанына біздер разы болдық, қазақты «бұзық» атандырмағанына разы болып қана қоймай Қазақстанда ұлттық рухы, намысы бар адамдар, бойында ата-бабалардың қаны қайнаған қаһарман ұрпақ бар екеніне қуандық. «Жоқ, ондағы қандастарымыз ұлтсызданып азбапты, аталар арманы, біздің үмітіміз үзілмепті, олар егеменді ел болғысы келеді екен, жетеді мұратына!» деген ұғыммен біздер де рухтана бастадық.

Жерлес моңғол көршілеріміз де қуана құптады. Шын мәнінде ол бұзақылық, тәртіпсіздік емес, әділет жолындағы, ұлттық тәуелсіздік жолындағы батыл

қадам, хан Кене күресінің жалғасы, жалынды жаңа күрестің бастамасы екенін түсінген дүние дүр сілкінді. Іштей тынумен келген ұлттық рухы биік, ақыл-парасатты, жанпида тұлғаларды көрнекті де айбынды саяси күрескер ретінде тарих толқыны сахнаға шығарып келді. Оларды күллі қазақтар, қазақстандықтар қолтығынан көтеріп, қолдап қоршады, қолдаса құлшынды. Солардың арқасында Қазақстан Республикасы – Қазақ елі басқа мемлекеттермен терезесі тең азат, тәуелсіз мемлекет болып дүниеге қайта келді. Олар Қазақстанды мейлінше қысқа мерзімде өскелең өркениетке жеткізді.

Біздің қазақта «тау тауға қосылмайды, ел елге қосылады» деген даналық айта салды сөз ретінде ғана қолданылып келген еді. 1940 жылдарға дейін Шыңжаннан, Шыңжан арқылы Қазақстаннан адамдар біртіндеп, кейде ауылымен Моңғолияға келіп қоныстанған. Ал Моңғолия қазақтары осы елге 1800 жылдарда топ-тобымен келіп біржолата қоныстанғаннан кейін Шыңжанға үркін-қорқынмен бірнеше дүркін үдере көшкенімен қайта келіп қоныстанғандықтан, Моңғолия өкіметі мұндағы қазақтар Қазақстанға бара алмайды, шегара берік дегенге бекем сеніп, Шыңжанға өтуі ықтимал деп сақсынумен келген. Мұндағы қазақтар да Қазақстанға көшу түгіл барып қайтудың өзін ертегіге балап, «елге қосылудан» үмітін үзген.



Моңғолия қазақтарының бірегей тұлғаларының бірі, Баян-Өлгийде айпартком бірінші хатшысы болған профессор Құрметбек Байтазаұлының ойына да қазақтың Қазақстанға барып түбегейлі қоныстану мәселесі енбеген болуы керек. Бірақ осы аймақтың ең көкейтесті мәселесіне айналған жұмыссыздық ол кісінің арқасына аяздай батқаны анық. Сондықтан осы мәселені шешудің ең тиімді жолы шетелге, соның ішінде Қазақстанға еңбек шартымен жұмыссыздарды шығару мәселесін 1980 жылдардың соңғы жартысынан бастап тұңғыш рет ойлап тауып бастама көтеріп, Моңғолия үкіметіне, Орталық комитетке, Еңбек министрлігіне дүркін-дүркін пікір ұсынып, Н.Ә.Назарбаевқа екі дүркін хат жолдай келе өкілдер жіберіп басқа арнамен де жалғасу арқылы ақыр соңында аймақ қызметкері Барбол Қызылұлы мен Ақрас Кәденұлын жұмсап, 1991 жылы наурыз айында Өлгий-Улаанбаатар-Наушк-Новосибирск-Барнауыл арқылы жұмыссыз жүрген еңбек күші 100 азаматты Семейдің ет комбинатына жеткізгендігі ұлы көштің басталуындағы дүрмектің бірі болған екен.

Айтса айтқандай, Қазақстан тәуелсіздікке ие болып, Елбасының «Ағайынға ақ тілек» хаты әлемді шарлап, іргелі елге, тарихи отанға шақырғандығы арқылы ел-елге қосылу аңыз емес, ақиқатқа айналды. Батыс жақтан Өлгийге дамылсыз ұшақтар, авто көліктер дүркін-дүркін келіп жатты. Қазақтар дүрлігіп

дерлік түп қопарыла көшті. Ұлтым деп соққан жүректер болды, ақтылы қой, алалы жылқы, қора-қопсы, баспаналарын, тәж бен тағын тастай көшті. «Жұмыс орнын тауып тұрмысымызды оңалтайық, баламызды ақы-төлемсіз тегін оқытайық» дегендер көбірек кетті. Оларды еру елдегі қандастарымыз құшақ жайып қуана қарсы алып разы етіп жатты. Тіршілік қамымен үлгермегендері «ағайыннан бөліп бізді тастап кетпес, көлік келер» деп асықпай ақырын күтті. «Коммунизм еліне барып тегін байлыққа күп ете түсеміз» деп барғандар да болды, олар квота-жәрдемді алған соң қайтып кері көшіп кетіп те жатты. Бірте-бірте біраз уақыт өткен соң ол жақта да экономикалық тапшылық пайда болды, көші-қон барысында барушыларды сарсаңға салатын керенаулық, жемқорлық та қосарланды, т.б. себеп-салдармен көш баяулады.

Моңғол мемлекеті, халқы өзге қайсыбір елде тұрып өгейлік көрген қандастарымыздай емес, тағдырдың ащы, тәттісін моңғол халқымен бірдей көрген қазақ қауымының көшкеніне олар сенер-сенбесін білмей нараулап, көздеріне жас алғандары да болды. Мемлекет дәулетімен 10-20 жыл оқыған аса маңызды мамандық иелерінің кетуіне де тосқауыл жасамады. Бұған 1993 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Моңғолияға сапарлап Президент П.Очирбатпен кездесуі шешуші ықпал етті. Көшкен ел кеден салығын төлемей, жекелік



мүліктерін тиеп, қора-қора малдарын да айдап кетіп жатты. Жерсінбей, туған жерге қайта оралғандарды Моңғолияның азаматтығына қайта қабылдап, қамқорлық жәрдемін де аямай берді. Есесіне қазақ жері, қазақ мемлекетінде қазақ баласының ойсырап кеткен пайызы артты, ұлттық руханиятты жаңғыртуға да олар елеулі үлес қосты.

«Елі қоныс ауғанда еркекте ес қала ма, кісіден сауын сауғанда әйелде ес қала ма» дегендей бірнеше ғасыр бойы барыс-келіс тыйылып, жат болып кетуге шақ қалған қандастарына сағына қауышса да байырғы отанына оралғандар азаматтыққа қабылданудан, ата қоныстан аяқтай жер алудан тартып орнығып қоныс тепкенше біраз ауыртпалық арқалағанымен, мемлекеттің қамқорлығы, ағайындардың жанашыр бауырмалдығы арқасында үйренісіп, еңселерін көтеріп келеді. Жайлы баспаналарға орналасты, еңбекке қамтылды, балаларын оқытты, байырғы тұрғындарға айналды. Көшіп барған алпыс мыңнан астам жан саны 120 мыңнан асып кетті. Әсіресе бір тұйықта бүтін жарты ғасыр өмір жасаған аз ғана қазақ қауымының зәру мәселесінің біріне айналған қан жақындасушылықтан құтылудың оңтайлы жолын тапты. Сондай-ақ «Біздің қазақтың моңғолдан шықпақтығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят» деп ұлы бабамыз Абай айтқандай, ол қандастарымыз қайсыбір «орыс» атанған

ағайындарымыздың «моңғол» дегенін шамданбай-ақ, тек «қалмақтық» әрекетке барып аттатып, сүйек сындырмай нағыз қазақтық қасиетімен Қазақ еліне қызмет етсе екен дейміз.

Моңғолиядағы қазақ диаспорасы осы елді құтты мекенім, азаматтық қарастылығым бар отаным деп көрумен қатар Қазақстанды атамекен, іргелі ел, ұрпағымның мәңгілік алтын бесігі, тарихи отаным деп санайды, Қазақстандай егеменді елі бар екендігіне арқаланады, мақтаныш тұтып, мәртебе-мерейі үстем болуын және түпкі тегі бір осы екі елдің ынтымағы арта беруін тілейді.

Моңғолияда, соның ішінде Баян-Өлгийде 1990 жылдан басталған әлеуметтік, экономикалық дағдарыс, әсіресе азық-түлік тапшылығына байланысты Қазақстан мемлекеті қыруар көмек көрсеткенін, Өлгийде бірер жылдың алдында болған сел апатында да үкімет басшысы өзі келіп жәрдемдескенін ешуақытта ұмытпайды. Моңғолиядағы елшілік, Әлемдік қазақтар қауымдастығы арқылы аймағымыздағы ұлттық театр, кітапхана, телеарна, мектептерге, Моңғолиядағы қазақ мәдени орталығына жан-жақты қол ұшын берумен келеді. Баян-Өлгий қазір астықтың біраз бөлігін, жанармайды Қазақстаннан тасымалдап алып, елдің батыс аймақтарына да үлестіруде.

Қазақ елі тәуелсіздігін алысымен Президент Н.Ә.Назарбаевтың Моңғолияға сапарлауы, Моңғолияның



Президенті Н.Бағабанди, Н.Энхбаяр, У.Хүрэлсүхтердің, аймақ әкімі тұрған К.Мизамхан, Қ.Бәделхандардың Қазақстанға сапары, Моңғолиядағы төтенше елші Қалыбек Қобыландин, Жалғас Әділбаевтардың дәйекті іс-қызметі екі елдің бауырластығын бекемдей түсті.

Біреу жылдан бері дүние жүзінде болжаусыз кедергілер тап болып, ауыртпалықтар ілгері басқан қадамды кейін тартқанымен де, Қазақ елі мәртебелі мұрат, биік мақсаттарды алға қойып, керуенін кідіртпей алға тартып келеді. Салиқалы көште төрт құбыла тең бола бермейді, сан түйенің бірі сүрінеді, бірінің жүгі ауады. Жолай ұшырасқан азды-көпті

кембағалықтарды көлденең тартып өкпеленіш туындатып, мінеп-сынағанша, қисайғанды түзеп, жыртылғанды жамауға әркім өзі аянбай атсалысып, жұдырықтай жұмылған береке-бірлікпен қимылдаса түтін түзу ұшады, бейнеттің зейнеті келеді.

Атамекеннен жырақта жүрсе де шетелдегі қазақ баласы Қазақ елінің тәуелсіздігіне, егемендігіне нұқсан келмей шаңырағы биіктеп, іргесі беки беруін Бір Алладан тілейді.

Аспандағы күн сөнсе бұл дүниедегі тіршілік атаулы құриды. Біздер мемлекеттік тәуелсіздіктен айырылсақ туымыз қисаяды, қазақтың күні келмеске кетеді. Тәуелсіздік баянды болсын!



Қазақстан тауәлсіздігіне 30 жыл!

асай Ұрамыш Ұлы доктор, профессор, моғғолияға
еғбегі сінккен дарыгер.



Ебздік Ебрыншы Қунділемебз

аспандағы Қун адамзат баласна, Қулы тершлік ылеріне қаншалықты
қажетті болса, қазақстан республікасындағы, мейлі шетелдердегі болса да
ейсі қазақ баласы Ұшын Ұсы елдік мемлекеттік тауәлсіздігі ең басты,
баға жетпес Қунділік. тауәлсіздік аспаннан кездесісوق тусе қалған теңін
олжа емес, ата-бабаларымыз еасрлар бойы Қундайған жалбарна тлеп мінк еолып,
мінк етерліп ежуріп аур азпыен, қанмен, термен тапықан қазнамыз, қоздінк
қарашеиндай айлап сақтауға етисі асылмыз.

шетелдегі (моғғолиядағы) қазақтардінк қайдан келіп мұнда қалып қойған
қарапайым моғғол адамдары бұрын толқ биле бермеітін. еблдім дегенде
қнтайдағы қазақтардінк болығы, қонне түркелерден қалған ебз жұрнақ, ыа болмаса
қазак - Ұрстынқ ебз болығы шеар деп паймдайтын. ебзак салт-едастұры,
қошпенді мал шаруашылықты қаспы, етлі Ұздеріне қажын болғандіқтан
қатсынбайтын. деітұранмен кейбір зыялылары қазақстандағы қазақ халқының
болығы екендігімізді биле келе «Ебздік моғғол елі қан саны қаншама
шағын болса да манж-қнтайдінк екі еаср Ұтарлаған бұғауынқ тас-талқан
шеарып, 1911 жылы тауәлсіздіккен жеңіп еған, беріккен Ұлттар Ұйымының
толқ Қуқлы мұшесі дербес мемлекетіміз. қаншама жылдар бойы Ұрстынқ
айтқанна қоніп, айданна ежуріп, солардінк жертесін жертеп Құл болып
келе қатқан неткен жегерсіз, журеқсіз халқысыңдар» деген сінкәй танттып
намсымызға теітін. қайтарар жауап жоқ, қорланатныбыз. Ұйланатныбыз.

қазаққа сын жоқ, раснда жегері мұқалған халқы едік: қермандай қыран
жоғар шапыншылығы, манж басқыншылығы, ақ Ұрстынқ Ұтары, Ұнқ ебз
жаластыран кешестік қызылдік қатал тартысене қарсы қурескен жаужуреқ



олардан да көрмеметі, 1986 жылғы желтоқсан қиғасн кегес одاعы бұзаклардык, жўликтердык аркеті деп жарылап еді, алада маселенік себепі жўликтерден емес, қансоремш сўликтердык аркетнен болғанн емср еозы даледеп берді. қалай болғанмен де сол қиға сотсиалисттік лагердык заресн ўшрўмен тенбай шағраемн шапқалтты. Ебршамалдердык баспаеоз, ақпарат қуралдары «алматі бұзқтары» тўралы жарылап, жарнамалап жатқанда, бекерде дўниенік дўбирнен Ебсрде Ебсрн қалдермай жабарлап وترатн моғғолиянык партиясы мен ўкмемтенік ortalық ырганы «Еўнен» (шен) газеті Еўнср қалып байсалдылық тантқанна бздеразы болдық, қазакты «бұзқ» атандсрмағанна, разы болып қана қоймай «қазакстанда ўлттық рўчы, намсы бар адамдар, бойында ата-бабалардык қаны қайнаған қахарман ұрпақ бар мкененне қўандық. жоқ, ондаы қандастарымз ўлтсзрданып азбапты, аталар арманы, Ебсрдык Еўмстемз ўзлімепты, ылар ыгеменді ел болемсы келеді мкен, жетеді мўратына!» деген ўеммен бздерде рўчтанна бастадық.

жерлес моғғол коршлсрэмз де қўана қўптады. шен маненде ол бұзаклық, тартыпсзрдык емес, адлет жолындаы, ўлттық таўелсзрдык жолындаы батл қадам, жан кенекўресснык жалғасы, жалынды жағма кўрестык бастамасы мкен, дўниее дўрсылкынды. штеы тенўмен келген ўлттық рўчы бык, ақыл-парасатты, жаныда тўлғаларды корнекті де айынды саياسي кўресскер ретненде тарыч тўлқыны сахнаға шеарып келді. ыларды кўллі қазактар, қазакстандықтар қолтыемнен кўтерып, қолдап қоршады, қолдаса қўлшынды. солардык арқасында қазакстан респўблыкасы-қазак елі басқа мемлекеттермен терезесы тек азат, таўелсзр мемлекет болып дўниеге қайта келді. ылар қазакстанды мемленше қысқа мерзымде ыскелек ўркенептектелкзды.

Ебсрдык қазакта «таў таўға қосылмайды, ел елге қосылды» деген даналық айта салды Есоз ретненде ана қолданлып келген еді. 1940 жылдарға дейн шығжаннан, шығжан арқлы қазакстаннан адамдар бсртендеп, кейде аўлымен моғғолияға келып қоныстанған. ал моғғолия қазактары ысы елге 1800 жылдарда топ-тобымен келып Ебсржолата қоныстанғаннан кейн шығжанға ўркен-қорқынемн бсрнеше дўркен ўдере кўшкенемн қайта келып қоныстанғандықтан моғғолия ўкмемтй мўндаы қазактар қазакстанға бара алмаиды, шекара берек дегенге бекем сенып, шығжанға етўы ықтымал деп сақсынўмен келген. мўндаы қазактар да қазакстанға кўшў тўгыл барып қайтўдык еозн



ертегінге балап, «еліге қосылудан» әуіттен ұзгән.

моғғолия қазқтарынның бірегей тұлғаларынның әберы, байан-олгиде айпартқом әберыншы хатшысы болған профессор құрметбек байтаза ұлынның мына да қазқтынның қазқстанға барып түбеселі қонстанә маселесы әнегән болуы керек. барқ мы аймақтың ең қокетесті маселесне айналған жұмыссыздық ол қиснның арқасна аыздай батқаны анық. сондықтан мы маселені шешудың ең әтімді жолы шетелге, сонның шынде қазқстанға еңбек шартмен жұмыссыздарды шеарә маселесн 1980 жылдардың соғғы жартысыннан бастап тұғғеш рет оылап тауып бастама қотеріп, моғғолия үкметен, орталық қомитетке, еңбек министрлігнен дүркен-дүркен пккер ұсынп, н.а. назарбайеұқа екі дүркен хат жолдай келе өкледер жберіп басқа арнамен де жалғасу арқылы ақр соғғанда аймақ қызметкері барып қызыл ұлы мен ақрас қаден ұлын жұмысап 1991 жылы наурыз айында олгиде-ұланбалатар-наушк-ноуосыбирск-барнауыл арқылы жұмыссыз жүргән еңбек қушы 100 азаматты сәмедің ет қомбинатна жеткізгендігі ұлы қоштынның басталуындағы дүрметкең әберы болған екен.

айтса айтқандай, қазқстан тауелсіздікке ые болып, еласынның «агаынға ақ тілек» хаты әлемді шарлап, бергелі елге, тарыжи отанға шақырандығы арқылы ел-елге қосылу ағыз әмес, ақиқатқа айналды. батс жақтан олгиде дамылсыз ұшақтар, ауту қолықтер дүркен-дүркен келіп жатты. қазқтар дүрлігеп дерлік әтүп қопарыла қошты. ұлтм деп соққан жүректер болды, ақтылы қойы, алы жылқы, қора-қойсы, баспаналарын, етаж бен таен тастай қошты. «жұмыс орнын тауып тұрмысымызды ұғалтайық, баламызды ақы-толәмыс тегән қытайық» дегендер қойырақ кетті. оларды ерә елдегі қандастармыз қушақ жаып қуана қарсы алып разы етп жатты. тершлік қаммен ұлгермегендері «агаыннан әболып әбизді тастап кетпес, қолық келер» деп асықпай ақрын қутты. «қоммунизм елне барып тегән байлыққа күп ете түсеміз» деп барғандар да болды, олар қуота-жардемді аған соғқ мәселесы қайтып кері қошып кетп те жатты. берте берте әбраз ұақыт өткен соғқ ол жақта да еконوميқалық тапышылық пайда болды, қошы-қон барысында барушыларды сарсаңға салатын керәнаулық, жемқорлық та қосарланды, т.б. сәбеп-салдармен қош байулады.

моғғол мәеләкети, халқы өзге қайсыбер елде тұрып өгәйлк қоргән қандастармыздай әмес, таедердің ашы, етатсын моғғол халқымен бердеи



Байлансты Қазاقстан мәмлекеті қырғар қомек қорсеткенін, олғийде берер жылдық алдында болған сел апатында да үкмет басшысы ءوزы келіп жардемдемескенін ешқактта ұمتпайды. Моғғолиядағы елшілік, алмедік қазактар қаўмедастегі арқılı аймағмыздағы ұлттық театр, китапхана, теларна, меكتептерге, Моғғолиядағы қазак мадеһи ורתалығна жан-жақты қол ұшын берўмен келеді. Байан-олғий қазыр астықтың әбераз болығын, жанармайды қазакстаннан тасмалдап алып, елдік батсы аймақтарына да ұлестерўде.

Қазак елі таўелсіздігін асымен прерзидент Н.Ә. Назарбайеўтың Моғғолияға сапарлаўы, Моғғолияның прерзиденті Н. Багабанды, Н. Енбайар, Ұ. Хурелсұхтерды, аймақ акмы турған К. Мизамхан, Қ. Баделханларды қазакстанға сапары, Моғғолиядағы тортенше елші қалыбек қобиландын, жалғас адібәһәўтардык даһекті әс-қызметі екі елдік баўырластығын бекемеді әтүсті.

Берер жылдан бері дүһие жүзінде болжаўсыз кедергілер тап болып аўртпалықтар ылғері басқан қадамды кейін тартқанмен де қазак елі мартебелі мұрат, бийік мақсаттарды ала қойып дамыс керўенін кидиртеп ала тартып келеді. Салықалы коште әторт қубыла теңк бола бермеді, сан түйенің әбері сұрынды, әберінің жүгі аўады. جولاي ұшрасқан азды-көпті кембағалықтарды колденеңк тартып өкпе-реніш тўндытып, мненп-сеннағанша қисаيعанды түзеп, жертелганды жамаўға аркым ءوزы айнабай атсалысып, жүдиріқтай жүмелған береке-берлікпен қимылдаса әтүтін әтүзү ұшады, беһнетің зейнеті келеді.

атамекеннен жеракта жүрсе де шетелдегі қазак баласы қазак елінің таўелсіздігін, егемендігін нұқсан келмей шағрағы бийіктеп, бергесі беки берўн әбер аллдан теледі.

аспандағы күн сонсе бұл дүһиедегі тершілік атаўлы қурды. Бездер мәмлекеттік таўелсіздіктен айрылсақ тўмыз қисаиды, қазактың күһи келмеске кетеді. Таўелсіздік байанды болсын!





**АСАНҒАЗЫ ОРАЗКҮЛ
АСАНҒАЗЫҚЫЗЫ**
*Мемлекет және қоғам
қайраткері, «Үш байлық»
қоғамдық бірлестігінің
басшысы*

ЗАҢ ҚАРА ХАЛЫҚҚА ЕМЕС, БИЛІКТЕГІЛЕРГЕ КЕРЕК...

- *Оразкүл апай, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде жайылуы үшін ең алдымен оның заңнамалық негіздемесі болу керектігі белгілі. Біздің заңдар осыдан 20 жыл бұрын 90-жылдары қабылданды. Қазір заңдарды өзгерту керек, қазір талап басқа дегенге қалай қарайсыз?*

- Әрине, заң керек. Мемлекеттік тіл туралы қысқа да нұсқа заң керек, мысалы мемлекеттік қызметке тұру үшін мемлекеттік тілді білу керек, жарнамалар туралы, мемлекеттік тілді қолданысқа енгізуге үлкен ықпал жасау үшін мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керек. Біздің 15 одақтас республиканың ішіндегі кешеуілдеп қалғанымыздың себебі, біздің заңдар қабылданған кезде республиканың демографиялық жағдайы өте төмен болды. Қазір, Құдайға шүкір, сол тәуелсіздік алған кездегі көрші мемлекеттердегі демография қандай болса, сол дәрежеге жеттік. Сондықтан

қазір «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде», «Қазақ қазақпен қазақша сөйлес» деген Елбасының сөзіне сенген жұрт, ұлт болудың негізі тіл екенін білген жұрт қазақ тілін өз бетімен үйреніп, оны қолданысқа енгізді. Ал енді енгізбей отырған – биліктегілер. Оларға заң керек, себебі олардан талап ете алмайсың. Парламентке барып, қазақша сұраққа жауап бере алмағандар Тәуелсіздік алған кезде мектепке енді барған балалар. Олар мектепті бітіргенде олардан ешкім қазақ тілін білесің бе деп сұраған жоқ, ұлттық бірыңғай тестілеуден қазақ тілінен неше балл алса да, ол ескерілген жоқ. Мінекей, осылай мектепті бітіргенде де, қызметке алынып жатқан кезде де қазақ тілі сұралмағандықтан, қазіргі атқарушы билікте жүргендердің барлығына заң керек. Заң қара халыққа емес, биліктегілерге керек. Қара қалың қазақ өзінің тілін үйреніп алды, өз тілінде сөйлейді. Діқан Қамзабектің бір айтқаны



бар еді: «Қазақстан халқының 98 пайызы қазақ тілін біледі, ал 2 пайызы білмейді. Сол білмейтін екі пайыздың 80 пайызы билікте жүр» деген. Мен білетін бір мықты айтады: «Лучший вид агитации – это личный пример», яғни «Ең жақсы үлгі-жеке бастың үлгісі» деп. Ал біздің халыққа кім қандай үлгі көрсетіп жатыр? Сондықтан қазақ тілін қолданысқа ендіру үшін, алдымен билік қазақша сөйлеу керек. «Қостілділік болған кезде бір тіл басымдылыққа ие болады. Тіл жеңілген кезде оның жас ұрпағы ол тілде сөйлеуге ұялатын болады» деген сөз бар. Қазір мектептегі балалар да сондай. Билік қазақша сөйлемейтіндіктен, балабақшадағы да, мектептегі де балалар қазақша сөйлегісі де, оқығысы да келмейді. Ақыры билік «ынтаңды арттыр, мемлекеттік тілді үйрен» дегенді түсінбейді екен, тыңдамайды екен, оларға мемлекеттік тіл туралы заң керек. Тіпті көршілерден жасқанып, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдағысы келмесе, онда осы қазіргі заңдағы 24-бапқа бір пункт енгізу керек. «Мемлекеттік қызметке тұру үшін мемлекеттік тілді білу керек» деген. Ол пункт ешкімнің жеке басына кесірін тигізеді деп ойламаймын.

- *Қазақ тілін оқытудың деңгейі бар ма? Қазақ тілін оқытудың жүйесі дұрыс па? Мектепте, жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқып келген қазақ азаматтары қазақ тілін дұрыс білмей жатыр. Әсіресе іс-қағаздарымен дұрыс жұмыс істей алмай жатады. Осы бағытта қандай ұсыныс айтар едіңіз?*

- «Бірыңғай оқыту жүйесі жасалыну керек» деген мәселе кезінде Парламентте Орал Мұхамеджанов спикер болып жүрген кезде қаралған. Сонда қалалық Тіл орталығы мен тіл жанашырлары осы мәселені көтерген болатын. Яғни, «бір жүйе қалыптастыру керек, балабақшада бала неше қазақша сөз білу керек, бастауыш сыныпта неше сөз білу керек және т.б. Ол сөздер жоғарғы сыныптарда қайталанбау керек. Әр деңгейдің өзінің белгілі бір нормативі қалыптасу керек» деген нәрсе айтылған. Бірақ, іске асқан жоқ. Енді қазір Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен Тіл саясаты комитеті жасап жатыр деп естідім, бірақ оның қаншалықты рас екенін білмеймін. Бұл бізге өте керек. ЖОО бірінші курсына ғана іс-қағаздары оқытылады да, кейін ол оқуды бітіргенше ұмытылып кетеді. Оған қоса, біздің бағдарламаның ең үлкен кемшілігі – бір лексикалық тақырып барлық сыныпта, барлық жерде қайталана береді. Мысалы, «Менің отбасым», «Денсаулық – зор байлық» және сол секілді жаттанды тақырыптар. Мен шетелдегі елшілікте болғанымда сол елшіліктегі жас жігіттер қазақ тілін білмейді. «Неге білмейсің?» десем, «Апай, оны менің мұғалімімнен сұраңыз. Менен бірінші сыныпта да, оныншы сыныпта да, жоғары оқу орындарында да «Әкең кім?», «Анаңның аты кім?» деген сұрақтарды қойып, бір тақырыпты айналып өте берген, мен оның бәрін 5-ке білдім. Ал менің мамандығым бойынша, мені өмірге дайындау, хат жазып үйрету дегендерді қазақ тілі сабағында мен оқыған жоқпын»



дейді. Яғни, балабақшадағы, мектептегі, жоғары оқу орындарындағы қазақ тілін оқытуды деңгейлеп оқытып, оны бөлу керек. Оның әрқайсысын бітірген кезде сертификат беру керек. Ол сертификатта баланың нешінші сыныпты бітіргені ғана емес, қазақ тілін қалай үйреніп шыққаны, неше сөз үйреніп шыққаны жазылып, әр деңгейде емтихан тапсырып отыру керек.

- ***Тәуелсіздік бізге не берді? Бұрын Алматы қаласында 2-ақ қазақ мектебі болған. Осы секілді тағы қандай мысалдар келтіре аласыз? Тәуелсіздік бізге қандай жақсылық әкелді?***

- Тәуелсіздік біздің барлық жоғалтқанымызды орнына алып келді. Ең бірінші, қазақ тіліміз өркендеп өсті. Қаншама қазақ мектебі, балабақша, жоғары оқу орындары ашылды. Қаншама театрлар ашылып, кітаптар жазылды. Жер-су аттары қазақшаланды, қазақтар көптеген салада қазір өсіп, өзінің жоғалтқан дәстүрін қайта жаңғыртты. Бесікке салу, тұсау кесу, Наурыз, айтыс, сүндет той т.б. толып жатқан дәстүрлеріміз оралды. Ең бастысы, әлемге қазақ деген елдің бар екенін таныттық. Қаншама елдер бізді таныды, мойындады, олармен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды. Енді латын графикасына көшіп, өзіміздің төл әліпбиімізді балаларымызға қалдырмақшымыз. Жалпы, қазір қазақтың тіліне, салты мен дәстүріне деген жастардың бетбұрысы мені өте қатты қуантады. Біздің Нұр-Сұлтан қаламыз – жастардың қаласы. Қазір БАҚ-та сұқбат берген кезде де, басқа кезде де ұлт мәселесін айтатын жастар мен зиялы қауым көбейді. Бірінші,

Алланың арқасында, екінші, дұрыс саясаттың арқасында, үшінші, алтын құрсақ келіндердің арқасында біздің демографиямыз жөнделді. Тәуелсіздік қарсаңындағы біздің ең үлкен кемшілігіміз біздің санымыздың аздығы еді. Қазір біздің пайызымыз өзге елдерден аспаса да, қалып қоймайды. Сол себептен ұлт мәселесін шешуге толық мүмкіндігіміз бар. Тіл туралы заң қабылданғаннан бері 33 жыл, тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл толды. Құдайға шүкір дейміз. Қазақ тілінің деңгейі едәуір өсті, қазір халық өзінің тілін іздей бастады, сұрай бастады, қолданысқа әкеле бастады. Кезінде 2006 жылдары Мұхтар Шаханов Парламент депутаты болғанда: «Оразкүл, орыс тілін шеттетіп жатыр деп депутаттарға күніне 50-60 шағым келеді. Бірде-бір қазақтан қазақ тілі қолданысқа енбей жатыр деген арыз-шағым түспейді» деген еді. Қазір барлық дәрежедегі, барлық лауазымдағы адамдарға қазақ тілінде неге сөйлемейсің деп айта аламыз, талап ете аламыз. Яғни, бұл халықтың талабы өсті, рухы мен санасы оянды деген сөз. 2017 жылы шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырумен» бірге көп адамның рухы көтерілгені, санасының жаңғырғаны көрініп тұр. Сондықтан қазір біз Құдайға шүкір деуіміз керек. Мысалы, мына Нұрсұлтанда 34 мектептің біреуі, өзің айтып тұрған Алматыда пәленбай мектептің екеуі ғана қазақша болса, қазір барлық жерде қазақ мектебі жеткілікті, қазақ мектебін бітірген балалардың орыс тілінде бітірген балалардан анағұрлым жоғары екені қуантады. Мысалы, алтын белгімен бітірген балалардың саны қазақ



мектептерінде көп, ҰБТ қорытындысы бойынша жоғары балл алатын да, грантпен оқитын да – қазақ мектептерінің түлектері. Астанада қазір бұрынғы 33 мектептен 8 ғана таза орыс мектебі қалды. Қалғандары – аралас және қазақ мектептері. Енді осы 8 мектептің біреуін ғана қалдырып, қалғанын аралас және қазақ мектебі қылу керек. Өйткені ата-ана есігінің алдындағы мектеп таза орыс мектебі болғандықтан, баласын орыс мектебіне беріп қою мүмкін. Сол себептен біз ата-аналарға барлық жағдайды жасап қою керекпіз. Кез келген мектепте қазақ сыныбы болу керек. Ата-аналарға балаларды қазақ мектебіне қорықпай бер деу керек. Себебі қазақ мектебін бітірмеген бала қазақ тілін үйрене алмайды, оның көкейінде эго пайда болады. Менің әке-шешем ақылды, олардың маған жаны ашиды, сол себептен мені орыс мектепке берді, яғни орыс тілінде оқыған адам мәдениетті, сауатты деп, қазақ тілін менсінбейді. Менсінбегеннен кейін ұлтын да менсінбейді, демек өзін де тани алмайды. «Бірінші Алланы таны, сосын өзінді таны» деп Абай айтпақшы, ол бала өзін танымайды, менсінбейді, қазақ тілінің байлығы мен мәдениетінің тереңдігін ешқашан ұғына алмайды. Сондықтан әр ата-ана баласын қазақ тілінде оқыту керек. Кез келген ұлттың негізгі көрсеткіші, ұлттың рухы, жаны, қаны – оның тілі. Кез келген қазақтың баласы қазақ тілінде білім алса, қазақ тілін біліп шығады. Бүгінгі таңда орыс тілін білмей қалу қауіпі мүлдем жоқ деп айтар едім. Сондықтан қазақ мектептерінің санын ары қарай көбейту керек.

- *Осы уақытқа дейін көп нәрсе өзгерді. Өміріміз жақсарды. Өзге дамыған елдердің қатарына кіру үшін көп жұмыстар атқарылып жатыр. Соның бірі - латын әліпбиіне көшу туралы не айта аласыз?*

- Латын әліпбиін енгізуден сауатсыз боп қаламыз деп қорқудың қажеті жоқ. Біз – бір ғасырда төрт рет графикасын өзгерткен ұлтпыз. Біздің графикамыз кез келген көршілерімізден бұрын дамыған, Евразия университетіне Күлтегіннің тасын әкеліп, оны ашқан кезде Олжас Омарұлы Сүлейменов «Менің бабам III-V ғасырда осы Орхон-Енисей жазуымен тасқа жазған» деген еді. Яғни, қазақ айтпақшы «Өшкен ел тарихын жаспен жазады, өскен ел тарихын тасқа жазады». Біздің ата-бабаларымыз өсіп, жұрттың бәрін бағындырып алған кезде біздің әрпіміз болған және сол әріппен олар тасқа жазған. Қай өңірге барсаңыз да, балбал тас, балбал тас бетінде біздің таңбаларымыз. 1929 жылы бүкіл түркі елі бір әріпте болайық, ол Европаға таныс әріп болсын деп біз латын әліпбиіне көшкен едік. Кез келген ғылым саласынан бұл әріпті кездестіреміз, танимыз. Кез келген мектеп оқушысы міндетті түрде шет тілін оқиды. Сол себептен бұл таңбалар ешкім үшін жаңалық емес. Бұл әріп бізге таныс. Сондықтан латын графикасына ойланбай, толғанбай, ғалымдар бір тоқтамға келіп, ертерек өтсек бәріміздің жазуымыз бір жазу болады. Қазақтың төл әрпі болады. Бұл латын тілі емес, бұл латын графикасындағы қазақтың төл әліпбиі болады.

Сұхбаттасқан *Омарова Аягүл*



ТІЛ САЯСАТЫ

**Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09259988 гранты)*



БАҚЫТ ҚАЛЫМБЕТ

Алматы қаласы әкімі

аппараты

Тілдерді дамыту және латын

графикасына көшу

орталығының басшысы

ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫ

Кеңес одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде посткеңестік елдерде тіл саясатының заңнамалық базасын өзгерту белсенді түрде іске асырылды. Мысалы, Балтық жағалауы елдері, Грузия, Армения, Әзербайжан, Өзбекстан, Тәжікстан Кеңес өкіметі кезінде қабылданған тілге қатысты заңдарын өзгертті. Көптеген елдерде мемлекеттік тілді білу азаматтар үшін міндетті болып табылады: «Әзербайжан Республикасының әрбір азаматы әзербайжан тілін білуге міндетті» (Әзербайжан Республикасының мемлекеттік тіл туралы заңы, 1-бап, 1.1-тармақ), «Француз тілін қолдану мыналар үшін міндетті болып табылады:...» (Француз тілінің қолданысы туралы № 94-665 Франция заңы («Тубон заңы», 2-бап). Халықаралық практика негізінде

Қазақстанның практикаға енгізуі үшін үлгі боларлық екі түрлі мәселе анықталды: біріншісі – талап пен міндет, екіншісі – тілге қатысты жауапкершілікті белгілеу.

Екіншіден, көптеген мемлекеттерде ағылшын тілін қолдану экономикалық интеграция, жаңа технологияларға қол жеткізу сияқты бағыттарда ұлттық мүдде үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Алайда ағылшын тілі ұлттық прагматизм тұрғысынан ғана қолдау табуда.

Жапония мен Қытайда бастауыш білімді аяқтау сатысында ағылшын тілін оқыту тетігі көзделген. Бұл елдерде өзге тілді оқыту мектепке дейінгі жастан басталмайды. Барлық пәндер ана тілінде оқытылады, ағылшын тілі тек тілдік пән ретінде оқытылады.



Үшіншіден, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалаудың «Қазтест» жүйесін жетілдіру кезінде Ұлыбританиядағы IELTS және АҚШ-тағы TOEFL жүйелерінің тәжірибесін пайдалану тиімді болмақ. Мысалы, Ұлыбританияда белгілі бір лауазымда жұмыс істеу немесе оқу орнында білім алу үшін кез келген адам ағылшын тілін талап етілетін деңгейде білетінін жоғарыда көрсетілген тест бағдарламалары арқылы растауы қажет.

Көшіп-қонушылардың тілдік бейімделуіне қатысты Ресей Федерациясының тәжірибесі ерекше. Мұнда 2015 жылдан бастап заңнамада белгіленген нормативтерге сәйкес елде тұруға рұқсат алу үшін орыс тілін меңгеруі, мәдениетін білуі жөніндегі сертификаттың болуы талап етіледі.

Германиядағы Гёте Институтының әлемнің 80 елінде филиалы бар. Институт Германияда өз бизнесін ашуға ниет білдіргендерге көптеген қызметтер ұсынады, Гёте Институтының неміс тілін орта деңгейде меңгергенін растайтын сертификатынсыз бірлескен кәсіпорын немесе фирма ашуға рұқсат етілмейді.

Төртіншіден, мемлекеттік тілді меңгергендерге заңнамада белгіленген артықшылықтар беру тіл үйренушілердің санын да, тіл үйренудің сапасын да ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, Эстонияда еңбек нарығында эстон тілін білу жұмысқа орналасу, сондай-ақ өз бизнесін кеңейту үшін басты фактор болып табылады. Эстон тілін меңгерген адамдарға мансаптық өсуіне және жоғары жалақы алуы үшін көп мүмкіндік беріледі.

Осы жылдары Қазақстан Республикасында да біртұтас тіл саясатын жүргізуге

бағытталған нормативтік-құқықтық базаның негізі қаланды.

Қазақстан Республикасының Конституциясының арнайы баптарынан бастап, Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, бірнеше рет Мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Аталған құжаттардың барлығы еліміздегі тіл саясатының нормативтік-құқықтық базасы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы № 3186 өкімімен «Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы» мақұлданды. Құжат «Тілдік ахуалдың сипаттамасы», «Тілді функционалды дамытудың қолайлы моделі», «Тіл құрылысының міндеттері» атты үш бөлімнен тұрады.

Тұжырымдамада мемлекеттің барлық заң актілерін қабылдау, ресми іс-шаралар өткізу, қызметтік хат-хабар алысу, іскерлік қарым-қатынас, азаматтардың өтініштеріне жауап беру мемлекеттік тілде жүзеге асатыны белгіленді. Осы құжатта еліміздегі тілдік ахуалға бірінші рет ресми сипаттама беріліп, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі толық іске аспай жатқандығы, мемлекеттік тілде іс жүргізу мен қызметтік қарым-қатынас жасау қосалқы сипатта ғана екендігі атап көрсетілді.

Міндетті түрде мемлекеттік тілді қажетті мөлшерде білгенде ғана азаматтардың мемлекеттік қызметке қабылданатыны тұжырымдалды.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін іске асырудағы негізгі жауапкершілік барлық деңгейдегі



ТІЛ САЯСАТЫ

мемлекеттік органдар мен олардың басшыларына жүктелетіні айтылды. Мемлекеттік тілдің беделін, оны білу әрбір азаматтың өмірлік қажетіне айналатындай, қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі болатындай деңгейге көтеру қажет делінді. Бүгінде осы құжаттағы жоғарыда айтылған қағидалардың қаншалықты жүзеге асқаны бәрімізге белгілі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз

7-бап

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі.
2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.
3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы ҚР 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы

8-бап. Тілдердің қолданылуы

Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады.

9-бап. Мемлекеттік органдар актілерінің тілі

Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін.

10-бап. Құжаттама жүргізу тілі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінде, ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етіледі.



11-бап. Азаматтардың өтініштеріне қайтарылатын жауап тілі

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі.

21-бап. Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі

Бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, прејскуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жазылады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы

ҚР 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 Заңы (күші жойылған)

10-бап. Өтініштерге берілетін жауаптар

1. Өтініштерге берілетін жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мазмұны бойынша негізделген және дәлелді, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде болуға, арыз берушінің қабылданған шешімге шағым жасау құқықтарын түсіндіре отырып, оның дәлелін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты деректерді қамтуға тиіс.

Ақпаратқа қол жеткізу туралы

ҚР Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401

11-бап. Сұрау салу бойынша ақпарат беру

12. Жазбаша сұрау салуға жауап өтініш жасалған тілде ақпарат пайдаланушының таңдауы бойынша қағаз және (немесе) электрондық нысандарда беріледі.

Ауызша сұрау салуға жауап өтініш жасалған тілде ауызша нысанда беріледі.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы

ҚР Заңы 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV.

24-бап. Сатушының (дайындаушының, орындаушының) міндеттері

1) тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы қазақ және орыс тілдерінде ақпарат беру.



باقىت قالىمبەت

المائى قالاسى اكىمى اپپاراتى
تىلدەردى دامىتۋ جانە لاتىن
گرافىكاسىنا كوشۇ ورتالىغىنىڭ باششىسى

ءتىل تۋرالى زاڭناما جانە مەملەكەتتىك ءتىل ساياساتىنىڭ

نورماتىۋىتىك - قۇقىقتىق بازاسى

كەڭەس وداعى ىدىراعانىنان كەيىنگى كەزەڭدە پوستكەڭەستىك ەلدەردە ءتىل ساياساتىنىڭ زاڭنامالىق بازاسىن وزگەرتۋ بەلسەندى تۋردە ىسكە اسىرىلدى. مىسالى، بالتىق جاعالاۋى ەلدەرى، گرۇزىيا، ارمەنىيا، ازەربايجان، وزبەكىستان، تاجىكىستان كەڭەس وكىمەتى كەزىندە قابىلدانغان تىلگە قاتىستى زاڭدارىن وزگەرتتى. كوپتەگەن ەلدەردە مەملەكەتتىك ءتىلدى ءبىلۋ ازاماتتار ءۇشىن مىندەتتى بولىپ تابىلادى: «ازەربايجان رەسپۇبلىكاسىنىڭ ءارىر ازاماتى ازەربايجان ءتىلىن بىلۋگە مىندەتتى» (ازەربايجان رەسپۇبلىكاسىنىڭ مەملەكەتتىك ءتىل تۋرالى زاڭى، 1-باپ، 1.1-تارماق)، «فرانتسۇز ءتىلىن قولدانۋ مىنالار ءۇشىن مىندەتتى بولىپ تابىلادى: ...» (فرانتسۇز ءتىلىنىڭ قولدانىسى تۋرالى № 94-665 فرانتسىيا زاڭى («تۇبون زاڭى»، 2-باپ). حالىقارالىق پراكتىكا نەگىزىندە قازاقىستاننىڭ پراكتىكاغا ەنگىزۋى ءۇشىن ۇلگى بولارلىق ەكى ءتۋرلى ماسەلە انىقتالدى: ءبىرىنشسى - تالاپ پەن مىندەت، ەكىنشسى - تىلگە قاتىستى جاۋاپكەرشىلىكتى بەلگىلەۋ.

ەكىنشىدەن، كوپتەگەن مەملەكەتتەردە اعىلىشنى ءتىلىن قولدانۋ ەكونومىكالىق ىنتەگرانتسىيا، جاڭا تەحنولوگيالارعا قول جەتكىزۋ سىياقتى باعىتتاردا ۇلتتىق مۇددە ءۇشىن جاڭا مۇمكىندىكتەر اشادى. الايدا اعىلىشنى ءتىلى ۇلتتىق پراگماتىزم تۇرعىسىنان عانا قولداۋ تابۇدا.

جاپونىيا مەن قىتايدا باستاۋىش ءبىلىمدى اياقتاۋ ساتىسىندا اعىلىشنى ءتىلىن وقتىتۋ تەتىگى كوزدەلگەن. بۇل ەلدەردە وزگە ءتىلدى وقتىتۋ مەكتەپكە دەيىنگى جاستان باستالمايدى. بارلىق پاندەر انا تىلىنىدە وقتىلادى، اعىلىشنى ءتىلى تەك تىلدىك ءپان رەتىندە وقتىلادى.

ۇشىنىشىدەن، مەملەكەتتىك ءتىلدى مەڭگەرۋ دەڭگەيىن باعالاۋدىڭ «قازتەست» جۇيەسىن جەتىلدىرۋ كەزىندە ۇلبىرىتانياىداعى IELTS جانە



اقش- تاى TOEFL جۇيەلەرنىڭ تاجىرىيەسىن پايدالانۇ ەتىمىدى بولماق. مىسالى، ۇلىبرىتانىادا بەلگىلى ەبىر لاۋازىمدا جۇمىس سىتەۋ نەمەسە وقۇ ورنىندا ەبىلىم الۇ ەۋشىن كەز كەلگەن ادام ەملىشىن ەتىلىن تالاپ ەتىلەتىن دەڭگەيدە بىلەتىننىن جوعارىدا كورسەتىلگەن تەست باعدارلامالارى ارقىلى راستاۋى قاجەت. كوشىپ-قونۇشلاردىڭ تىلدىك بەيىمدەلەۋىنە قاتىستى رەسەي فەدەراتسىياسىنىڭ تاجىرىيەسى ەرەكشە. مۇندا 2015 جىلدىن باستاپ زاڭنامادا بەلگىلەنگەن نورماتىۋتەرگە سايكەس ەلدە تۇرۇعا رۇقسات الۇ ەۋشىن ورس ەتىلىن مەڭگەرۇى، مادەنيەتىن ەبىلۇى جونىندەگى سەرتىفيكاتتىڭ بولۇى تالاپ ەتىلەدى. گەرمانىياداى گىوتە ينىستىتۇتىنىڭ ەلمنىڭ 80 ەلىندە فىلىيالى بار. ينىستىتۇت گەرمانىيادا ەوز بىزنەسىن اشۇعا نيەت بىلدىرگەندەرگە كوپتەگەن قىزمەتتەر ۇسنادى، گىوتە ينىستىتۇتىنىڭ نەمىس ەتىلىن ورتا دەڭگەيدە مەڭگەرگەننىن راستايتىن سەرتىفيكاتىنىسىز بىرلەسكەن كاسىپورىن نەمەسە فىرما اشۇعا رۇقسات ەتىلمەيدى.

تورتىنشىدەن، مەملەكەتتىك ەتىلدى مەڭگەرگەندەرگە زاڭنامادا بەلگىلەنگەن ارتىقىشلىقتار بەرۇ ەتىل ۇيرەنۇشىلەردىڭ سانىن دا، ەتىل ۇيرەنۇدىڭ ساپاسىن دا ۇلعايتۇعا مۇمكىندىك بەرەدى. مىسالى، ەستونىيادا ەڭبەك نارىعىندا ەستون ەتىلىن ەبىلۇ جۇمىسقا ورنالاسۇ، سونداي-اق ەوز بىزنەسىن كەڭەيتۇ ەۋشىن باستى فاكىتور بولىپ تابىلادى. ەستون ەتىلىن مەڭگەرگەن ادامدارعا مانساپتىق وسۇنە جانە جوعارى جالاقى الۇى ەۋشىن كوپ مۇمكىندىك بەرىلەدى.

وسى جىلدارى قازاقستان رەسپۇبلىكاسىندا دا ەبىرتۇتاس ەتىل ساياساتىن جۇرگىزۇگە باعتتالغان نورماتىۋتىك-قۇقىقتىق بازارنىڭ نەگىزى قالاندى. قازاقستان رەسپۇبلىكاسىنىڭ كونستىتۇتسىياسىنىڭ ارنايى باپتارىنان باستاپ، قازاقستان رەسپۇبلىكاسى ەتىل ساياساتىنىڭ تۇجىرىمداماسى، «قازاقستان رەسپۇبلىكاسىنداى ەتىل تۇرالى» زاڭى، بىرنەشە رەت مەملەكەتتىك باعدارلاما قابىلداندى. اتالغان قۇجاتتاردىڭ بارلىعى ەلىمىزدەگى ەتىل ساياساتىنىڭ نورماتىۋتىك-قۇقىقتىق بازاسى بولىپ تابىلادى.

قازاقستان رەسپۇبلىكاسى پرەزىدەنتىنىڭ 1996 جىلغى 4 قاراشاداى №3186 وكىمىمەن «قازاقستان رەسپۇبلىكاسىنىڭ ەتىل ساياساتىنىڭ تۇجىرىمداماسى» ماقۇلداندى. قۇجات «تىلدىك احوالدىڭ سىپاتتاماسى»، «ەتىلدى فۇنكىتسىونالدى دامىتۇدىڭ قولايلى مودەلى»، «ەتىل قۇربلىسىنىڭ مىندەتتەرى» اتتى ەۋش بولمىنەن تۇرادى.

تۇجىرىمدامادا مەملەكەتتىڭ بارلىق زاڭ اكتىلەرىن قابىلداۋ، رەسىمى ەس-شارالار وتكىزۇ، قىزمەتتىك حات-حابار السۇ، سىكەرلىك قارىم-قاتىناس،





азаматтардың өтіншілеріне жауап беріп мەмлەкەتтик تىلدە جۈزەگە اساتىنى بەلگىلەندى. وسى قۇجاتتا ەلىمىزدەگى تىلدىك احوالعا ەبىرىشى رەت رەسمى سپاياتما بەرىلىپ، قازاق ەتىلىنىڭ مەملەكەتتىك مارتەبەسى تولىق سىكە اسپاي جاتقانىدى، مەملەكەتتىك تىلدە ەس جۇرگىزۋ مەن قىزمەتتىك قارىم-قاتىناس جاساۋ قوسالقى سپاياتما عانا ەكەندىگى اتاپ كورسەتىلدى.

مىندەتتى تۇردە مەملەكەتتىك ەتىلدى قاجەتتى مولشەردە بەلگىلەندە عانا ازاماتتاردىڭ مەملەكەتتىك قىزمەتكە قابىلدانانىنى تۇجىرىمدالدى.

قازاق ەتىلىنىڭ مەملەكەتتىك مەملەكەتتىك ەتىل رەتىندەگى مارتەبەسىن سىكە اسىرۋداى نەگىزگى جاۋاپكەرشىلىك بارلىق دەڭگەيدەگى مەملەكەتتىك ورگاندار مەن ولاردىڭ باسشىلارىنا جۇكتەلەنىنى ايتىلدى. مەملەكەتتىك ەتىلدىڭ بەدەلىن، ونى ەبىلۋ ەرىمىر ازاماتتىڭ ومىرلىك قاجەتىنە اينالاتىنداي، قازاقستاندىق پارترىوتىزمنىڭ قۇرامداس بولىگى بولاتىنداي دەڭگەيگە كوتەرۋ قاجەت دەلىندى. بۇگىندە وسى قۇجاتتاى جوعارىدا ايتىلغان قاعىدالاردىڭ قانشالىقتى جۈزەگە اسقانى بارىمىزگە بەلگىلى.

قازاقستان رەسپۇبلىكاسىنىڭ ەتىل تۇرالى زاڭناماسى

<p>قازاقستان رەسپۇبلىكاسىنىڭ كونستىتۇتسىياسى 1995 جىلى 30 تامىز</p>
<p>7- باب</p> <p>1. قازاقستان رەسپۇبلىكاسىنداى مەملەكەتتىك ەتىل - قازاق ەتىلى. 2. مەملەكەتتىك ۇيىمداردا جانە جەرگىلىكتى ەوزىن-ەوزى باسقارۋ ورگاندارىندا ورس ەتىلى رەسمى تۇردە قازاق تىلىمەن تەڭ قولدانىلادى. 3. مەملەكەت قازاقستان حالقىنىڭ تىلدەرىن ۇيرەنۋ مەن دامىتۋ ەۋشىن جاعداى تۇعىزۋعا قامقورلىق جاسايدى</p>
<p>قازاقستان رەسپۇبلىكاسىنداى ەتىل تۇرالى ق ر 1997 جىلى 11 شىلدەدەگى № 151 زاڭى</p>
<p>8- باب. تىلدەردىڭ قولدانىلۋى</p> <p>مەملەكەتتىك ەتىل قازاقستان رەسپۇبلىكاسى مەملەكەتتىك ورگاندارىنىڭ، ۇيىمدارىنىڭ جانە جەرگىلىكتى ەوزىن-ەوزى باسقارۋ ورگاندارىنىڭ جۇمىس جانە ەس قاعازدارىن جۇرگىزۋ ەتىلى بولىپ تابىلادى، ورس ەتىلى رەسمى تۇردە قازاق تىلىمەن تەڭ قولدانىلادى. مەملەكەتتىك ەمەس ۇيىمداردىڭ جۇمىسىندا مەملەكەتتىك ەتىل جانە قاجەت</p>



<p>بولغان جاعدايدا باسقا تىلدەر قولدانىلادى</p> <p>9- باپ. مەملەكەتتىك ورگاندار اکتىلەرىنىڭ ءتىلى مەملەكەتتىك ورگانداردىڭ اکتىلەرى مەملەكەتتىك تىلدە ازىرلەنىپ، قابىلدانادى، قاجەت بولغان جاعدايدا، مۇمكىندىگىنشە، باسقا تىلدەرگە اۋدارىلۋى قامتاماسىز ەتىلە وتىرىپ، ولاردى ازىرلەۋ ورس تىلىندە جۇرگىزىلۋى مۇمكىن.</p>
<p>10- باپ. قۇجاتاما جۇرگىزۋ ءتىلى قازاقستان رەسپۇبلىكاسىنىڭ مەملەكەتتىك ورگاندارى جۇيەسىندە، ۇيىمدارىندا، مەنشك نساننا قاراماستان، ستاتىستىكالىق- ەسەپ، قارجى جانە تەحنىكالىق قۇجاتاما جۇرگىزۋ مەملەكەتتىك تىلدە جانە ورس تىلىندە قامتاماسىز ەتىلەدى.</p>
<p>اقياراتقا قول جەتكىزۋ تۋرالى ق ر زاڭى 2015 جىلى 16 قاراشاداعى № 401</p>
<p>11- باپ. ازاماتتاردىڭ وتىنىشتەرىنە قايتارىلاتىن جاۋاپ ءتىلى مەملەكەتتىك جانە مەملەكەتتىك ەمەس ۇيىمداردىڭ ازاماتتاردىڭ وتىنىشتەرى مەن باسقا دا قۇجاتتارعا قايتاراتىن جاۋاپتارى مەملەكەتتىك تىلدە نەمەسە ەوتىنىش جاسالغان تىلدە بەرىلەدى.</p>
<p>21- باپ. دەرەكتەمەلەر مەن كورنەكى اقيارات ءتىلى بلانكىلەر، ماڭدايشالار، حابارلاندىرۋلار، جازنامالار، پرىسكوۋرانتتار، باعا كورسەتكىشتەرى، باسقا دا كورنەكى اقيارات مەملەكەتتىك تىلدە جانە ورس تىلىندە، ال قاجەت بولغان جاعدايدا باسقا دا تىلدەردە جازىلادى.</p>
<p>جەكە جانە زاڭدى تۇلعالاردىڭ وتىنىشتەرىن قاراۋ ءتارتىبى تۋرالى ق ر 2007 جىلى 12 قاڭتارداعى № 221 زاڭى (كۇشى جويىلعان)</p>
<p>10- باپ. وتىنىشتەرگە بەرىلەتىن جاۋاپتار 1. وتىنىشتەرگە بەرىلەتىن جاۋاپتار قازاقستان رەسپۇبلىكاسىنىڭ زاڭناماسىنا سىلتەمە جاساي وتىرىپ، مازمۇنى بويىنشا نەگىزدەلگەن جانە دالەلدى، مەملەكەتتىك تىلدە نەمەسە ەوتىنىش بەرىلگەن تىلدە بولۋعا، ارىز بەرۋىشىنىڭ قابىلدانغان شەشمگە شاعىم جاساۋ قۇقىقتارىن تۇسىندىرە وتىرىپ، ونىڭ دالەلىن جوققا شىعاراتىن نەمەسە راستايتىن ناقتى دەرەكتەردى قامتۇعا ءتپىس.</p>
<p>11- باپ. سۇراۋ سالۋ بويىنشا اقيارات بەرۋ 12. جازباشا سۇراۋ سالۋعا جاۋاپ ەوتىنىش جاسالغان تىلدە اقيارات پايدالانۋىشىنىڭ تاڭداۋى بويىنشا قاعاز جانە (نەمەسە) ەلەكتروندىق نسانداردا بەرىلەدى. اۋىزشا سۇراۋ سالۋعا جاۋاپ ەوتىنىش جاسالغان تىلدە اۋىزشا نساندا</p>



بەرلەدى.
تۇتىنىۋىشلاردىڭ قۇقىقتارىن قورعاۋ تۇرالى ق ر زاڭى 2010 جىلغى 4 مامرداعى № 274-IV
24-باپ. ساتۇشنىڭ (داينداۋشنىڭ، ورىنداۋشنىڭ) مىندەتتەرى (1) تاۋار (جۇمىس، كورسەتلىەتن قىزمەت) تۇرالى، سونداي-اق ساتۇشى (داينداۋشى، ورىنداۋشى) تۇرالى قازاق جانە ورس تىلدەرىندە اقيارات بەرۇ.



Алатау қорығы



**Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09259988 гранты)*



АМАН МӘДЕЛХАНҰЛЫ АБАСИЛОВ

*Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
қауымдастырылған
профессор міндетін
атқарушы, филология
ғылымдарының кандидаты*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ ТІЛДІК АХУАЛ

Бүгінгі таңда Қазақстанның әлеуметтік-коммуникативтік жүйесін генетикалық және типологиялық тұрғыда әртүрлі болып келетін 128 тіл құрайды. Қоғамдық-саяси өмірінде екі үлкен серіктес тіл – қазақ және орыс тілдері қатар қызмет етеді. Мұндай тілдік ахуал жалпы елімізге тән болғанымен, мемлекеттік тілді дамыту, қолданыс аясын кеңейту және белсенді түрде меңгеру, оқып-үйрену ісі, қоғамдық өмірдің әртүрлі қатынас салаларындағы орыс тілінің бүгінгі жағдайы, өзге тілдерді ана тілі ретінде сақтау мен дамыту, жергілікті жерлердегі біртілділік, қостілділік, көптілділік т.б. мәселелері әр аймақта аумақтық және тарихи себептермен шартталған ерекшеліктерге ие.

Қазіргі қазақ қоғамы халықтың басын біріктіруші фактор болып табылатын қазақ тілін дамыту үшін оның қолданыс

аясын шектеу мен тежеуге әсері бар жағымсыз ықпалдарды жою қажеттігін айқын сезінуде. Бұл аймақтық деңгейлерде анық көрінеді.

Халыққа жақын болғандықтан жергілікті жердегі мұндай тіл проблемаларын анықтау да оңай және оны барынша жақсы білетін жергілікті билік органдарымен жұмыс жасау да тиімді болмақ. Айталық, қазақ тілінің дамуы мен қолданыс мүмкіндігі кең оңтүстіктің және батыс аймақтың Атырау, Маңғыстау облыстарының тұрғындары отандастарының қазақша сөйлей алмақ тұрмақ, оны түсінбейтіндігін айтарлықтай қынжылыспен қабылдайды және бұл мәселеге белсенді түрде көңіл бөледі. Ал қазақ тілінде сөйлеушілердің саны орыс тілін меңгергендер санына жетпей отырғанын шығыс, солтүстік және орталық аймақтарда бұл жағдай



ТІЛ САЯСАТЫ

керісінше, қазақ тілді халықтың әртүрлі құқықтарына, әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктеріне айтарлықтай қысым жасап отыр. Осыған қарағанда кейбір аймақтар тіл проблемаларын шешуге жақын болса, басқалары оны іске асыру барысында айтарлықтай қиындықтарды басынан өткеруде.

Лингвистикалық тұрғыдан әртүрлі болып келетін осындай аймақтар елдің тіл дамыту барысына жайсыздық әкеледі. Демек, тіл проблемалары алдымен аймақтық тұрғыда зерттеліп, оған әсер етуші күші бар объективті және субъективті факторлары анықталып, нақтылы шаралар жүйесін жасап барып шешілу керек.

Бүгінгі жағдай еліміздің әр аймақтарындағы тілдік үрдістерді ғылыми тұрғыда, объективті түрде зерттеу және ұтымды тілдік ортаны қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу қажеттілігін алға шығарып отыр. Бұл орайда тілдің нақты таралу аймағы мен көлемін және оның қоғамдағы қолданысын кеңейтудің нақты мүмкіндіктерін ескеру қажет.

Сонымен қатар әрбір аймақтың тілдік ахуалын қарастыруда және оның өзіндік ерекшелігі мен проблемаларын айқындауда көптеген әлеуметтік лингвистикалық зерттеу мәселелеріне көңіл аударылды. Бұл әуелі аймақтың өзіндік сипаты, ерекшелігін көрсетуден басталып, одан соң аймақ халқының ұлттық құрамы, олардың жалпы тұрғындар ішіндегі үлес салмағы, аймақ халқының ана тілін таңдау және меңгеру деңгейі, аймақ тұрғындарының қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру дәрежесі, солардың ішінде аймақ тұрғындарының қай тілді басымдықпен

қолданытыны туралы мәселе, аймақтағы тілдердің дамуы мәселелерін зерттеу: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқу қажеттілігі және осы тілдердің қазіргі кезеңдегі даму проблемалары, халықтың тілдік ахуал үдерістері жөнінде хабардарлығы мәселелері, тұрғындардың тіл саясаты мен тілге қатысты жоспарлаудан күтетін үміттері мәселесі, мемлекеттік тілді қолдану саласындағы жағымсыз стереотиптер мен теріс ұғымдар, тілдерді меңгеруге кедергі туғызатын себептер, халықтың аймақта жүргізіліп жатқан ономастикалық және терминологиялық жұмысқа қанағаттанушылық дәрежесі, мемлекеттік тілді оқуға деген қызығушылықты арттыру үшін жергілікті органдардың тіл саясатын іске асыруда қандай жұмыс түрлері мен әдістерін қолдануы қажеттілігі жөнінде өз пікірлері т.б мәселелер назарға алынуы керек.

Қазақстанның батыс аймағындағы тілдік ахуал титулды ұлт қазақтардың басым болуымен (аймақ халқының 81.9% пайызы), соған сәйкес өңірде мемлекеттік тілдің кеңінен таралуы мен қолданылуына оң әсер ететін табиғи тілдік орта қалыптасқандығымен сипатталады. Соған қарамастан халықтың тіл мәдениетінің төмендігі, қазақ әдеби тілі нормаларының сақталмауы, әсіресе жастардың тіліндегі жаргондық, сленгтің, пиджиндік құбылыстардың етек алуы байқалады. Сондай-ақ бұрынғы КСРО кезіндегі ұлттық-тілдік сананың әлсіреуі, біржақты қостілділіктің (ұлттық-орыс қостілділігі) қарқынды дамуы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанына қарамастан тарихи немесе аумақтық даму факторларына байланысты аймақ халқының (Ақтөбе,



Батыс Қазақстан облыстарында) көпшілігі әлі күнге дейін тұрмыста да, кәсіби сала деңгейінде де негізінен орыс тілін қолданады. Сондай-ақ кейбір ауылдық жерлерде (Атырау, Маңғыстау облыстары) жастардың орыс тілін білу деңгейінің жоғары еместігі де байқалады.

Әлеуметтік лингвистикалық зерттеу аясындағы тілдік ахуал халықтың әлеуметтік-демографиялық құрамымен айқындалады. Батыс аймақ республиканың өзге де аймақтары сияқты көпэтностығымен сипатталады. Атап айтқанда, соңғы халық санағының (2009 ж.) деректеріне сүйенсек, аймақта тұратын әртүрлі этностардың арақатынасы төмендегідей болып келеді: қазақтар – 81,9 %, орыстар – 13,3 %, украиндар – 1,7 %, татарлар – 0,9 %, әзірбайжандар – 0,3 %, кәрістер – 0,3 %, %, немістер – 0,3 %, өзбектер – 0,2 %, беларустар – 0,2 %, басқа этностар – 1,0 %. Басқаша айтқанда, батыс аймақта нақты көптілділік қалыптасқан: жүзден астам тіл мақсатты түрде қолданылады.

Бүгінде егеменді елге айналған Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірі тілдік, демографиялық және саяси ахуалды ескере отырып, көпэтносты халықтың тілдік мұқтаждықтарына жауап беретін тіл саясатының жүзеге асырылуын талап етеді. Ол саясат тіл проблемаларын шешудің іс жүзінде белсенді, тиімді әрі нәтижелі факторы болуы тиіс. Аймаққа қарайтын облыстарда бірыңғай тілдік саясатты жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, діни және өзге де ұйымдардың әрекет үйлесімділігі қажет.

Қазіргі қоғамды демократияландыру кезеңінде адам факторының белсенділігі

тілдік өмірімізде де байқалуда. Аймақта тіл дамуын жоспарлау ісін, тіл құрылысын тиімді жүргізу үшін халық санағы қорытындыларын пайдаланудың мәні зор. Өйткені халық санағының материалы – бүкіл елді әрбір адамына дейін қамтитын жалғыз құжат.

Қазақстанның батыс аймағына қарайтын облыстарда соңғы халық санағының мәліметінде қарастырған тіркеу бойынша шамамен 115 этнос бар. Олардың ішінде аймақта өтіп жатқан әлеуметтік және тілдік процестерде қомақты рөл атқаратын, яғни аймақ тұрғындарының 81,9 пайызын құрайтын қазақтар, 13,3 пайызды құрайтын орыстар және үлес салмағы 1,7 пайызға жататын украиндар. Аймақ тұрғындарының қалған бөлігін әртүрлі этностар құрайды. Олардың ішінен сандық үлесі жағынан алғашқы ондыққа кіретіндер: татарлар – 0,9 пайыз (22142 адам), немістер – 0,3 пайыз (7522 адам), әзірбайжандар – 0,3 пайыз (6252 адам), кәрістер – 0,3 пайыз (6010 адам), 0,2 пайызды құрайтын белорустар (3966 адам), және өзбектер (3664 адам). Аймақ тұрғындарының қазақтан өзгесінің барлығы бұрынғы одақтық республикалардан келгендер, ал кейбіреулері сырт елдерден ірі және аз санды халықтардың өкілдері болып табылады (Қараңыз: 1-кесте).

Халық санағының мәліметі бойынша (2009) батыс аймақтағы барлық халықтың саны 2 352 417 адам. Оның ішінде 1 143 102 ер адам, олар аймақ халқының 48,6 пайызын құраса, 1 209 315 әйел адам, олар 51,4 пайызын құрайды. Аймақ халқының 47,2 пайызын (1 111 498 адам) ауылдық жерде, 52,8 пайызы (1 240 919 адам) қалада тұрады.



Аймақ халқының облыстар межесіндегі ұлттық құрамына, тұрғылықты жеріне және жынысына байланысты бөлінісі

Этностар	Ақтөбе облысы									
	Екі жыныста		Ерлер		Әйелдер		Қала		Ауыл	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
Барлық халық	757768		364486	48,1	393282	51,9	461050	60.8	296718	39.2
Қазақтар	601463	79,4	292572	48,6	308891	51,4	347121	57.7	254342	42.3
Орыстар	103069	13,6	46621	45,2	56448	54,8	81254	78.8	21815	21.2
Украиндар	25485	3,4	11685	45,9	13800	54,1	13825	54.2	11660	45.8
Өзбектер	800	0,1	458	57,3	342	42,8	609	76.1	191	23.9
Белорустар	1343	0,2	637	47,4	706	52,6	841	62.6	502	37.4
Әзірбайжандар	986	0,1	586	59,4	400	40,6	791	80.2	195	19.8
Татарлар	9545	1,3	4406	46,2	5139	53,8	7323	76.7	2222	23.3
Кәрістер	1475	0,2	744	50,4	731	49,6	1347	91.3	128	8.7
Немістер	5489	0,7	2628	47,9	2861	52,1	2701	49.2	2788	50.8
Басқа этностар	8113	1.1	4149	51.1	3964	48.9	5238	64.6	2875	35.4
Атырау облысы										
Барлық халық	510377		249682	48,9	260695	51,1	238936	46.8	271441	53.2
Қазақтар	465033	91,1	228563	49,1	236470	50,9	199790	43.0	265243	57.0
Орыстар	33617	6,6	15171	45,1	18446	54,9	28863	85.9	4754	14.1
Украиндар	815	0,2	369	45,3	446	54,7	728	89.3	87	10.7
Өзбектер	1103	0,2	606	54,9	497	45,1	872	79.1	231	20.9
Белорустар	217	0,0	94	43,3	123	56,7	179	82.5	38	17.5
Әзірбайжандар	388	0,1	246	63,4	142	36,6	363	93.6	25	6.4
Татарлар	2304	0,5	1022	44,4	1282	55,6	1995	86.6	309	13.4
Кәрістер	2959	0,6	1391	47,0	1568	53,0	2741	92.6	218	7.4
Немістер	471	0,1	215	45,6	256	54,4	382	81.1	89	18.9
Басқа этностар	3470	0.7	2005	57.8	1465	42.2	3023	87.1	447	12.9
Батыс Қазақстан облысы										
Барлық халық	598880		288758	48,2	310122	51,8	277751	46.4	321129	53.6
Қазақтар	432517	72,2	212519	49,1	219998	50,9	161854	37.4	270663	62.6
Орыстар	135813	22,7	61809	45,5	74004	54,5	98372	72.4	37441	27.6
Украиндар	11594	1,9	5313	45,8	6281	54,2	5981	51.6	5613	48.4
Өзбектер	412	0,1	236	57,3	176	42,7	276	67.0	136	33.0
Белорустар	2146	0,4	927	43,2	1219	56,8	955	44.5	1191	55.5
Әзірбайжандар	1102	0,2	661	60,0	441	40,0	788	71.5	314	28.5
Татарлар	8632	1,4	3910	45,3	4722	54,7	5463	63.3	3169	36.7
Кәрістер	843	0,1	449	53,3	394	46,7	671	79.6	172	20.4
Немістер	1280	0,2	640	50,0	640	50,0	786	61.4	494	38.6
Басқа этностар	4541	0.8	2294	50.5	2247	49.5	2605	57.4	1936	42.6
Маңғыстау облысы										
Барлық халық	485392		240176	49,5	245216	50,5	263182	54.2	222210	45.8
Қазақтар	428386	83,3	213085	49,7	215301	50,3	209465	48.9	218921	51.1
Орыстар	39851	8,2	18047	45,3	21804	54,7	38185	95.8	1666	4.2
Украиндар	2212	0,5	990	44,8	1222	55,2	2161	97.7	51	2.3
Өзбектер	1349	0,3	797	59,1	552	40,9	799	59.2	550	40.8
Белорустар	260	0,1	115	44,2	145	55,8	251	93.5	9	3.5
Әзірбайжандар	3776	0,8	2167	57,4	1609	42,6	3447	91.3	329	8.7
Татарлар	1661	0,3	749	45,1	912	54,9	1558	93.8	103	6.2
Кәрістер	733	0,2	383	52,3	350	47,7	650	88.7	83	11.3
Немістер	282	0,1	135	47,9	147	52,1	273	96.8	9	3.2
Басқа этностар	6882	1.4	3708	53.9	3174	46.1	6393	92.9	489	7.1



Этностар	Батыс аймақ бойынша									
	Екі жыныста		Ерлер		Әйелдер		Қала		Ауыл	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
Барлық халық	2352417		1143102	48.6	1209315	51.4	1240919	52.8	1111498	47.2
Қазақтар	1927399	81.9	946739	49.1	980660	50.9	918230	47.6	1009169	52.4
Орыстар	312350	13.3	141648	45.3	170702	54.7	246674	79.0	65676	21.0
Украиндар	40106	1.7	18357	45.8	21749	54.2	22695	56.6	17411	43.4
Өзбектер	3664	0.2	2097	57.2	1567	42.8	2556	69.8	1108	30.2
Белорустар	3966	0.2	1773	44.7	2193	55.3	2226	56.1	1740	43.9
Әзірбайжандар	6252	0.3	3660	58.5	2592	41.5	5389	86.2	863	13.8
Татарлар	22142	0.9	10087	45.6	12055	54.4	16339	73.8	5803	26.2
Кәрістер	6010	0.3	2967	49.4	3043	50.6	5409	90.0	601	10.0
Немістер	7522	0.3	3618	48.1	3904	51.9	4142	55.1	3380	44.9
Басқа этностар	23006	1.0	12156	52.8	10850	47.2	17259	75.0	5747	25.0

Батыс аймаққа қарайтын облыстардағы халықтың өз ұлтының тілін немесе басқа ұлттың тілін ата тілім деп көрсетуі бойынша соңғы халық аймақтарының мәліметтерін қоса есептегенде аймақта тұратын халықтың 95,8 пайызы өз ұлтының тілін ана тілім деп есептейді екен. Осы мәліметті жеке этностар бойынша қарастырсақ, өз ұлтының тілін ана тілім деп санайтындардың көпбасшысы – қазақтар (99,1 пайыз). Өкінішке орай 18059 қазақ (0,9 пайыз) өзге тілді ана тілім деп санайды. Орыстардың 97,3 пайызы өз ұлтының тілін ана тілім деп көрсетсе, 2,7 пайыз өзге ұлт тілін ана тілім деп көрсеткен. Одан кейін басым көпшілігі өз ұлтының тілін ана тілім деп санайтындардың қатарына әзірбайжандарды (70,4 пайыз өз ұлтының тілін, 29,6 пайыз өзге ұлт тілін) және өзбектерді (68,4 пайыз өз ұлтының тілін, 31,6 пайыз өзге ұлт тілін) жатқызуға болад. Ал қалған этностардың басым көпшілігі өзге ұлттың тілін ана тілім деп санамайды. Айталық, украиндардың 83,5 пайызы өзге тілді ана тілім десе, немістердің 83,9 пайызы, белорустардың 83,9 пайызы ана тілін ауыстырған. Сол сияқты кәрістердің 63,5 пайызы, татарлардың 61,0 пайызы өзге тілді ана тілім деп көрсеткен (Қараңыз: 2- кесте).

2-кесте

Аймақ халқының ана тілі бойынша бөлінісі

Этностар	Осы ұлт адамдарының саны		Ана тілім деп көрсеткендер:			
			Өз ұлтының тілін		Басқа ұлттың тілін	
	адам	%	адам	%	адам	%
Барлық халық	2352417		2252453	95.8	99964	4.2
Қазақтар	1927399	81.9	1909340	99.1	18059	0.9
Орыстар	312350	13.3	304061	97.3	8289	2.7
Украиндар	40106	1.7	6611	16.5	33495	83.5
Өзбектер	3664	0.2	2505	68.4	1159	31.6
Белорустар	3966	0.2	638	16.1	3328	83.9
Әзірбайжандар	6252	0.3	4400	70.4	1852	29.6
Татарлар	22142	0.9	10856	49.0	11286	51.0
Кәрістер	6010	0.3	2191	36.5	3819	63.5
Немістер	7522	0.3	1234	16.4	6288	83.6
Басқа этностар	23006	1.0	10617	46.1	12389	53.9



ТІЛ САЯСАТЫ

Мемлекетіміздің басшысы Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, «Біз барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілін әрі қарай дамыту үшін бар күшімізді салуға тиіспіз. Сонымен бірге еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстардың өкілдері өздерінің ана тілдерінде еркін сөйлеп, оқуға, оны дамытуға мүмкіндік алатындай жағдай жасауымыз керек».

Халық санағының мәліметінде (2009) аймақ тұрғындарының 15 жас және одан жоғары жастағыларының 87,5 пайызы қазақ тілін ауызша түсінетін, 79,6 пайыз еркін оқи аламын және оның ішінде 76,9 пайыз еркін жазамын деп көрсетеді. Енді осы мәліметте жекелеген этностар бойынша қарастыра болсақ, тіл иесі қазақтардың 98,6 пайызы оны ауызша түсінеді, 96,2 пайызы еркін оқиды, 93,6 пайызы еркін жаза алады.

Қазақ тілін біршама жақсы меңгергендер қатарына түркітілдес халықтарды атауға болады. Айталық, солардың ішінде алдыңғы орынды өзбектер (89,2 % ауызша түсінеді, 62,7 % еркін оқиды, 54,9 % еркін жазады), татарлар (81,9 % ауызша түсінеді, 48,1 % еркін оқиды және 41,6% еркін жазады) және әзірбайжандар (75,3 % ауызша түсінеді, 36,3 % еркін оқиды, және 29,7 % еркін жазады) алады.

Ал славянтідес халықтардың қазақ тілін меңгерулері бір-бірімен шамалас. Мысалы, орыстардың 39,4 пайызы ауызша түсінсе, соның ішінде 11,4 пайызы еркін оқимын, 8,6 пайызы еркін жазамын деп көрсеткен. Украиндардың 38,6 пайызы ауызша түсінемін, 9,7 пайызы еркін оқимын және 7,2 пайызы еркін жазамын дейді. Белорустардың 35,6 % ауызша түсінеді, 9,9 % еркін оқиды және 7,9 % еркін жазады.

3-кесте

**Аймақ халқының қазақ тілін меңгеру деңгейі
(15 және одан жоғары жастағылар)**

Этностар	Осы этнос адамдарының саны	соның ішінде тілдерді меңгеру деңгейі бойынша					
		қазақ тілі					
		адам		пайызбен			
		ауызша түсінеді	соның ішінде		ауызша түсінеді	соның ішінде	
еркін оқиды	соның ішінде еркін жазады		еркін оқиды	соның ішінде еркін жазады			
Барлық халық	1760242	1540067	1401902	1353976	87.5	79.6	76.9
Қазақтар	1402039	1382919	1348101	1311683	98.6	96.2	93.6
Орыстар	262347	103255	30001	22542	39.4	11.4	8.6
Украиндар	35679	13766	3462	2571	38.6	9.7	7.2
Өзбектер	3079	2748	1932	1689	89.2	62.7	54.9
Белорустар	3590	1277	355	285	35.6	9.9	7.9
Әзірбайжандар	4809	3619	1746	1427	75.3	36.3	29.7
Татарлар	18900	15471	9082	7853	81.9	48.1	41.6
Кәрістер	4738	2893	996	783	61.1	21.0	16.5
Немістер	6172	2729	924	738	44.2	15.0	12.0
Басқа этностар	18889	11390	5303	4405	60.3	28.1	23.3



Оларға қарағанда мемлекеттік тілді білуі жөнінен немістер мен кәрістер алда тұр. Қазақ тілін кәрістердің 61,1 пайызы, немістердің 44,2 пайызы ауызша түсінемін деп көрсеткен (Қараңыз: 3- кесте).

Халық санғының (1999) мәліметінде 15 жас және одан жоғары жастағылардың ішінде орыс тілін ауызша түсінемін дейтіндер 91,6 пайызды құраса, соның 84,3 пайызы еркін оқи аламын, 80,5 пайызы еркін жаза аламын деп көрсеткен.

Ал орыстардың өз этносының тілін сол жастағылардың 96,4 пайызы ауызша түсінемін, 95,4 пайызы еркін оқи аламын, 93,6 пайызы еркін жаза аламын деп мәлімдеген.

Орыс тілін орыстардың өздерінен де жақсы меңгерген этностарға алдымен украиндар – 98,6, белорустар – 98,5 %, немістер – 98,5 %, татарлар – 98,4 %, әзірбайжандар – 97,3 %, кәрістер –

97,2 %, қазақтар – 91,5 %, өзбектер – 79,0 % т.б. жатады (Қараңыз: 4-кесте).

Соңғы санақ мәліметінде ағылшын тілін аймақ халқының 19,3% ауызша түсінемін десе, соның 12,3% еркін оқи аламын 9,3% еркін жаза аламын деп көрсеткен. Мұны жекелеген этностар бойынша талдап көрсетер болсақ, ағылшын тілін меңгеруге ден қойған облыстағы диаспоралар қатарына кәрістерді (28,3%), қазақтарды (19,7 %), әзірбайжандарды (19,5 %), татарларды (19,4 %), орыстарды (17,9 %), немістерді (14,5 %), украиндарды (11,9 %), сондай-ақ өзбектерді (11,4 %), белорустарды (11,3 %) айтуға болады.

Қазақтардың арасында ағылшын тілін ауызша түсінемін деген – 19,7 % болса, соның 12,9 % еркін оқи аламын 9,8 % еркін жаза аламын деп көрсеткен.

Облыс бойынша кейбір аз санды этнос өкілдері арасында болмаса, ағылшын тілін

4-кесте

Аймақ халқының орыс тілін меңгеру деңгейі
(15 және одан жоғары жастағылар)

Этностар	Осы этнос адамдарының саны	соның ішінде тілдерді меңгеру деңгейі бойынша						
		Орыс тілі						
		ауызша түсінеді	адам соның ішінде		пайызбен соның ішінде	ауызша түсінеді	еркін оқиды	соның ішінде
			еркін оқиды	соның ішінде еркін жазалы				
Барлық халық	1760242	1633506	1486058	1409139	92.8	84.4	80.1	
Қазақтар	1402039	1283048	1141487	1070657	91.5	81.4	76.4	
Орыстар	262347	257395	254533	250638	98.1	97.0	96.0	
Украиндар	35679	35163	34751	34217	98.6	97.4	95.9	
Өзбектер	3079	2431	1836	1695	79.0	59.6	55.1	
Белорустар	3590	3537	3495	3445	98.5	97.4	96.0	
Әзірбайжандар	4809	4679	4314	4076	97.3	89.7	84.8	
Татарлар	18900	18598	18095	17643	98.4	95.7	93.3	
Кәрістер	4738	4604	4523	4410	97.2	95.5	93.1	
Немістер	6172	6081	5982	5867	98.5	96.9	95.1	
Басқа этностар	18889	17970	17042	16491	95.1	90.2	87.3	



**Аймақ халқының ағылшын тілін меңгеру деңгейі
(15 және одан жоғары жастағылар)**

Этностар	Осы этнос адамдарының саны	соның ішінде тілдерді меңгеру деңгейі бойынша					
		қазақ тілі					
		адам			пайызбен		
		ауызша түсінеді	соның ішінде		ауызша түсінеді	соның ішінде	
еркін оқиды	соның ішінде еркін жазады		еркін оқиды	соның ішінде еркін жазады			
Барлық халық	1760242	339502	216866	164097	19,3	12,3	9,3
Қазақтар	1402039	276660	180864	136988	19,7	12,9	9,8
Орыстар	262347	46944	26527	19772	17,9	10,1	7,5
Украиндар	35679	4244	2389	1756	11,9	6,7	4,9
Өзбектер	3079	350	238	163	11,4	7,7	5,3
Белорустар	3590	406	229	178	11,3	6,4	5,0
Әзірбайжандар	4809	939	590	454	19,5	12,3	9,4
Татарлар	18900	3668	2228	1787	19,4	11,8	9,5
Кәрістер	4738	1340	710	544	28,3	15,0	11,5
Немістер	6172	898	497	380	14,5	8,1	6,2
Басқа этностар	18889	4053	2594	2075	21,5	13,7	11,0

тілін меңгеруге барлық этностардың көңіл бөле бастағанын көруге болады (5-кесте).

Осы айтылғандарды қорытындылай келгенде, Қазақстанның батыс аймағындағы тілдік ахуал тұрақты және қазіргі уақытта қандай да бір этносаралық қарым-қатынасқа жағымсыз әсер етпейді. Тұрғындардың этникалық құрылымында қазақтар мен орыстардың басым болуына қарамастан, әртүрлі этникалық топ өкілдерінің көпшілігі этносаралық өзара толеранттықты, бауырмалдықты сақтаған. Бұл тұрғыда тұрғындардың толеранттығы мен өзара түсіністігінің маңызды екенін атап өткен жөн.

Аймақ тұрғындары жергілікті атқарушы органдардың тіл саясатындағы басты бағытын қолдайды және бұл бағыттағы қабылдап жатқан шараларын уақытында және қажетті деп бағалайды.

Аймақтың барлық тұрғындары орыс тілін біледі. Сонымен қатар, мемлекеттік тілдің рөлінің тұрақты өсіп келе жатқанын да байқауға болады. Екі тілде ақпарат алатын адамдардың үлесі артып екі тілді ортаның қалыптасып келе жатқаны сезіледі. Сонымен қатар аймақта үш тілді дамыту саясаты да біртіндеп өзінің жемісін беруде.

Аймақта этностардың өз ана тілін меңгеру деңгейіне қарамастан, ана тілі ретінде өз ұлтының тілін көрсетеді. Бұл ерекшелік қазақтарға, орыстарға және өзбектерге қатысты.

Азаматтардың мемлекеттік тілге деген қызығушылығы азаматтық парыз бен адамның жеке мүддесіне байланысты. Азаматтардың қазақ тілін үйрену деңгейі төмен. Мемлекеттік тілді үйренуге кедергі келтіретін факторларға жас шамасын, уақытының жоқтығын,



уәждеме және ынтаның жоқтығы себепші болып отыр.

Қазақ және орыс тілдерінде ақпараттарды оқып, телехабарларды көретіндерге қарағанда, телехабарлар көру, радиохабарлар тыңдау және ғылыми, кең таралған сипаттағы кез келген ақпараттарды оқитындардың үлесі жоғары. Екінші топқа орыс тіліндегі ақпаратты көп пайдаланатын адамдардың көпшілігі жатады. Олардың үлесі ақпаратты қазақ тілінде оқып, тыңдайтындардан 1,5-2 есе көп. Соған қарамастан, тілдік ахуал туралы мониторинг көрсеткендей, қазақ тіліндегі ақпарат алушылардың санының өскенін байқауға болады.

Осы мәліметтердің негізінде қазақ тілі қазақтар арасында басымдықпен дамыған, ал басқа этнос өкілдерінің арасында өз деңгейінде дамымағанын атап өту керек. Қазақ тілі сондай-ақ, басқа түркі тілдес халықтардың арасында да дамыған. Себебі олардың қазақ тілімен туыстас өз ана тілдерін жетік білетініне байланысты болса керек. Мемлекеттік тілге деген қызығушылықтың артуы – бірнеше факторларға байланысты, оның ішінде: тұрғындар арасында қазақтар санының өсуі, қазақ тілінде білім беретін мектептер санының көбеюі, медиа кеңістіктегі қазақтар санының сапалы түрде өсуіне байланысты табиғи үрдіс.



ТУЫ БІР ТҮРКІ

**Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09260070 гранты).*



**БИЯРОВ БЕРДІБЕК
НҰРАЛДАҰЛЫ**
*С.Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан
университетінің
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының
кандидаты*

«МОЙЫН ЧОР» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ТОПОНИМДЕРГЕ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ШОЛУ

Мойын чор ескерткіші – Көне Ұйғыр қағандығын құрушылардың бірі Мойын Чорға (Ел Етміш Білге қағанға) арналған ескерткіш. «Ел Етміш Білге қаған ескерткіші» деп те аталады. Моңғолияның Бұлған аймағы Сайхан сұмыны Могойн шинэ ус деген жерде орнатылған. 1909 жылы фин ғалымы Г.И.Рамстедт тапқан. Х.Н.Оркун, С.Е.Малов, Е.Убрятова, Б.Базылхан, Ғ.Айдаров, С.Қаржаубай т.б. зерттеді (Базылхан, 2005, 130).

Орхон өзені, мәтін бойынша Орқун, қазіргі Моңғолия жерінде ағады. Зерттеушілердің көбі (Бертагаев, Пospelов

т.б.) ор+хун «кіретін (қосылатын)» деген мағына береді дейді (Пospelов, 2007, 379). Олар Орхон өзенінің Селеңгі өзеніне қосылуын атауға уәж етіп алады. Біздің ойымызша, Орқун гидронимінің түбірінде көне түркі. ор «ору, қазу, жыру» сөзі жатыр (Мурзаев, 1984, 415). Ор + ғун/ғын/қун/қын (зат есім жасайтын жұрнақ: қаш+қын, тұт+қын) (ДТС, 1969, 653) арқылы жасалып, «жерді орып, жыра жасап ағатын өзен» мағынасын береді. Салыстырыңыз: Түркімен. орун «өзен арнасы», чуваш. вар «өзен» (Мурзаев, 1984, 415-416). Қазақ. Ор «өзен аты». Түркілердің атамекені Өтүкен болса, ана



өзені осы Орқун өзені болғаны тарихтан белгілі.

Кейре гидронимі көне түркі. кевре «кему, әлсіреу» сөзінен жасалады: кевреді «кеміді, күші кеміді» (Қашқари, 1997, 380). Түркі тілдерінде й-в дыбыс алмасуы бар: кейіргенчик-кевіргенчик «аянышты (дауыс)» (ДТС, 1969, 304). Сонда Кевре/Кейре «суы кеміп, құрғап қалатын өзен» мағынасын береді деуге келеді.

Үш Біркүде (Н.Базылхан) / Үш Бүркү (С.Қаржаубай). топонимінің негізгі сыңары Бүркү көне түркі. бүркүр «бүрку, шашырату» (ДТС, 1969, 133) сөзінен жасалып, «сарқырама», «шапшыма су» мағынасында қолданылған сыңайлы. Үш Бүркү гидронимі «үш сарқырама» мәнді атау болуы мүмкін. Моңғол. бурха «бүркылдаған, көбіктенген (су)» (Молчанова, 1979, 166) және украин. буркут «атқақтаған қайнар, тұма» (Мурзаев, 1984, 103) геотерминдері де осыған меңзейді.

Көгер (Н.Базылхан) / Көгүр (С.Қаржаубай) топонимі қазіргі тіліміз бойынша, көк «көк түс» + ер (келер шак есімше жұрнағы) арқылы жасалып, «көк түске айналу, көк шөп басу» (ҚТТС, 1980, 5-т, 91) мағынасын береді. Көбінесе, ерте көктейтін күншуақты жерлерді атайды: Алтай. Көкты, Көгөш қырғыз. Көктү «көк шөпті жер» (Мурзаев, 1984, 283).

Көмір тау (Н.Базылхан) / Көмүр тағ (С.Қаржаубай) оронимі көне түркі. көмүр «тас көмір, отын» сөзінен жасалған (ДТС, 1969, 314). Таудың негізгі ерекшелігі,

яғни онда тас көмір кенінің болуы, атауға уәж болған.

Йар өзені (Н.Базылхан) / Жар өзенінің (С.Қаржаубай) атауы көне түркі. йар «жар, жарқабақ» (ДТС, 1969, 238) сөзінен шығады да, «жағалауы тік жарлы өзендерді» атайды.

Бөкегүк (Н.Базылхан) топонимі көне түркі. бөг/бөк(е) «бөгеу, бөгеп қою» (Қашқари, 1997, 35) + гүк/ғүк (зат есім жасайтын жұрнақ: қаз «қазу»/қаз+ғүк «қазық») (ДТС, 1969, 654) тұлғалары арқылы жасалып, «бөген (суы бөгелген жер)» мағынасын береді: Бөг(е)гүк/Бөк(е) гүк.

Бұрғұ (Н.Базылхан) / Бұрғу (С.Қаржаубай) топонимі көне түркі. бұр «(жолдан) бұрылу» (Кайдар, 2005, 179) етістігі + ғұ (зат есім жасайтын жұрнақ) арқылы жасалып, «жолдан бұрыс жер, бұрылыс» деген мағына береді.

Йұлүн (Н.Базылхан) / Жылан қол (С.Қаржаубай) топонимі екі аудармашыда екі түрлі шығып тұр, алайда жер-су аттарына жақын келетіні Йылан қол атауы. Йылан көне түркі. йылан «жылан» (ДТС, 1969, 266) сөзінен жасалып, «жыланды жер немесе жыландай ирелендеп ағатын өзен» деген мағынаның бірін береді. Ал қол моңғол. гол «өзен» (Базылхан, 1987, 132) сөзі екені белгілі. Сонда Йылан қол «жыланды өзен немесе жыланша ирелендеп ағатын өзен» мәндерінің бірін береді.

Шып басы (Н.Базылхан) атауындағы Шып қазақ. шып-шып терлеу «дүркін-



ТУЫ БІР ТҮРКІ

дүркін (тер шығу)» (ҚТТС, 1986, 10-т, 348) қос сөзінен шығатындай: Шып басы «жартас арасынан шып-шып тамшылап су шығатын таудың басы» ұғымын беруі мүмкін. Моңғол. чив «шып, тамп етіп судың тамуы» (Базылхан, 1987, 708). Украин. шыпот «судың таудан төмен шапшып, сорғалап ағуы» (Мурзаев, 1984, 632) геотерминдері де осындай ой тудырады. Шып басы «Шып өзені бастау алатын тау» ұғымын тудырады.

Чығылтар көл (Н.Базылхан) / Тұзды Алтыр көл (С.Қаржаубай) гидронимін тағы да екі аудармашы екі түрлі оқыған және екінші аударма «Көне түркі сөздігімен» сәйкес келеді: Ачығ-Алтыр-Көл (ДТС, 1969, 7). Мағынасы: «Ащы Алтыр көл» болады. Мұндағы ащы «тұзды» сөзі түсінікті, ал алтыр көне түркі алд/алт «төменгі жақ, ойық, ойпаң» (Мурзаев, 1984, 47) сөзі + ыр (сөзжасам жұрнағы: жалт+ыр, жылт+ыр) арқылы жасалып, «шұңқыр, ойық» мағынасын береді. Ащы Алтыр көл «суы тұзды ойпаң жерде орналасқан көл» ұғымын тудырады.

Алтын ұшы (С.Қаржаубай) атауындағы Алтын «Алтай тауының ежелгі аты» болса, Ұшы «таудың ең биік шыңы» дегенді білдіреді. Бұл орайда, Алтай тауының ең биік нүктесі Мұзтауды (4506 м) атап тұруы әбден мүмкін.

Айбас атауы (Н.Базылхан) ай + бас сөздерінен біріккен және мұндағы ай көне түркі. айбаң «таз» (Қашқари, 1997, 147), айтақыр «татыр, шөпсіз,

тақыр» (Қайыржан, 2013, 13) сөздерінің түбіріндегі ай «таз, тақыр» болса керек. Сонда, Айбас «басы таз, тақыр» тау мағыналы ороним болып шығады.

Тоқыш (Н.Базылхан) топонимі, тура мағынасында, «соғыс, ұрыс, шайқас болған жер» ұғымын береді, өйткені көне түркі. тоқыш «ұрыс, айқас, соғыс» (ДТС, 1969, 577) сөзінен жасалып тұр.

Арқар басы (Н.Базылхан) оронимі көне түркі. арқар «жабайы тау қойы» (ДТС, 1969, 54) сөзі мен басы сөзінің тіркесінен жасалған. «Арқар тауының басы» деген мағына береді. Қазақ. Арқарлы, моңғол. Аргалинты оронимдері жиі кездеседі.

Ер Қамыш (Н.Базылхан) / Ерқамыс (С.Қаржаубай) атауы көне түркі. ер «еркек» (ДТС, 1969, 175) + қамыш «қамыс» (ДТС, 1969, 415) сөздерінің тіркесінен жасалған және «еркек (биік, ірі) қамыс өскен жер» деген мағына береді: «еркек шөп» фитонимі сияқты. «Көне түркі сөздігінде» Ер Қамыш деген жер Ертіс өзенінің жағасында делінеді (ДТС, 1969, 175).

Қазлұқ көл (Н.Базылхан) гидронимі көне түркі. қаз «қаз құсы» + лұқ/лық (-лы/-лі туынды сын есім жұрнағының көне түрі: алмалық) арқылы жасалған туынды атау, «қазды, қазы мол көл» деген мағынада тұр (ДТС, 1969, 438, 657).

Тайғұн көл (Н.Базылхан) / Тайғың көл (С.Қаржаубай) гидронимі «Көне түркі сөздігінде» Тайған көл түрінде берілген (ДТС, 1969, 528), сондықтан көптеген зерттеушілер көне түркі. тайған «тазы



ит» сөзімен байланыстырады (Махпиров, 1997, 263). Біздің ойымызша, тайған сөзінің өзінде көне түркі. тез «қашу, жүгіру», тезіг «жылдам, тез» (ДТС, 1969, 557, 558) түбірі жатыр: тезген/тазған/тайған. Сонда, Тайған көл «(суы) қашқан (суалған) көл» мағынасын беруі бек ықтимал (салыстырыңыз: Қашқандария).

Қара Йотлық (Н.Базылхан) / Қара жоталық (С.Қаржаубай) өзен атауының мағынасын профессор С.Қаржаубай анықтап өткен. Оған қосарымыз, йотлық/жоталық сөзі қазіргі тілімізде Қара Жоталы «қара тасты жотасы көп (өзен)» болады, өйткені -лық/-лік туынды сын есім -лы/-лі-нің көне нұсқасы болып табылады (Серебренников, Гаджиева, 1986, 114).

Ічүй (Н.Базылхан) / Ічүй (Шүй өзені) (С.Қаржаубай) гидронимін аудармашы С.Қаржаубай қазіргі Таулы Алтай өлкесіндегі (Ресей) Шүй өзені деп көрсеткен. Түркітанушы-ғалымның жан-жақты сараптап келіп шығарған пікірін қолдаймыз, тек Шүй гидронимі көне түркі. суб/суғ, қазіргі түркі тілдері. су/чул/шул/суг/суу, қытай. шуй, тибет. чу, моңғол. ус «су» мағынасын беретінін қосамыз (Мурзаев, 1984, 528-529).

Йоғра Йарыш (Н.Базылхан) / Жоғарғы Жарыс (С.Қаржаубай) топонимінің бірінші сыңары Йоғра көне түркі. йорыға «жорға (ат)» (Қашқари, 1997, 238) сөзінен метатеза (дыбыстардың өзара орын ауыстыруы: қапқан/қақпан) құбылысы арқылы жасалған: йорыға/йоғыра. Йорыға

Йарыш «жорға аттар жарысы өтетін тегіс жазық жер» деген ұғыммен жасалған.

Талықым (Н.Базылхан) / Ірленті Талқым (С.Қаржаубай) күрделі атауындағы Ірленті көне түркі. ірле/йірле/йерле «жерлеу, қоныстану, игеру» (ДТС, 1969, 258) + нті (зат есім жұрнағы) арқылы жасалып, Йірленті/Ірленті «мекендеген, қоныстанған жер» мағынасын береді. Ал Талқым көне түркі. талқығ «таулардың тұтасқан, ұштасқан жері» (Қашқари, 1997, 522) сөзінен шығуы мүмкін, өйткені «Жоңғар Алатауының Іле өңіріндегі, Шығыс Түркістанға ұласатын асулары Талқы тауы деп аталады» (Аудармашы А.Егеубай, сонда). Талқы, талқығ, талқым көне түркі. талқы «иленген теріні жұмсартатын ағаш құрал» (Қайыржан, 2013, 370) сөзінен шығатынын байқау қиын емес. Тау шындарын талқының тістеріне ұқсатудан шығады. Сонда, Ірленті Талқым «ел қоныстанған тау торабы» деген ұғым тудырады.

Қара Бұлақ (Н.Базылхан) гидронимі көне түркі. қара «қара түс, сын есім» және бұлақ «шағын су көзі» сөздерінен бірігіп жасалған. Қарабұлақ «қыста қатпайтын, жер астынан шығатын бұлақ» деген мағына береді. Өте жиі кездесетін Қарасу гидронимімен мәнделес. Жер асты сулары мөлдір болып келетіндіктен, өзен, судың астындағы тастары қарайып көрініп жатады да, «қара» сын есімін иеленеді.

Сұқақ (Н.Базылхан) / Шоғуқ жолы (С.Қаржаубай) топонимі «Көне түркі



ТУЫ БІР ТҮРКІ

сөздігінде» Соқақ түрінде берілген (аудармашылар неге басқаша жазғандары түсініксіз) және соқақ «киік, ақбөкен» деген анықтама да бар (ДТС, 1969, 508-509). Ендеше, Соқақ жолы топонимі «киік, ақбөкендер жүретін жол» деген мағына береді. Жолдардың, асулардың көбі аңдар салған соқақ бойынша пайда болатыны белгілі.

Байбалық (Н.Базылхан) – Ұйғыр қағанаты кезінде Селеңгі өзені бойына салынған қала. Көне түркі. бай «бай, байлығы мол» және балық «қала» сөздерінен бірігу арқылы жасалған ойконим (ДТС, 1969, 79-80). «Бай қала» мағынасын береді.

Йарыш Ағұлық арасы Йатұқ (Н.Базылхан) / Ярыш пен Ағұлығ арасындағы Жетібас (Жетісу өзені) (С.Қаржаубай). Аудармалар тағы да сәйкеспеді, алайда бір нәрсе анық: мұнда Йарыш пен Ағұ арасындағы жерді (әлде өлкені) айтып отыр. Ол жерді бірінші аударма Йатұқ деп атаса, екінші аударма Жетібас (Жетісу) деген. Бірінші нұсқа бойынша Йатұқ көне түркі. йатұқ «ұмытылған, тасталған» (Қашқари,

1997, 24) сөзінен шығып, «иен, бос жер» мағынасын береді. Сонда «Йарыш пен Ағұ арасындағы иесіз, бос жер» деген ұғым туады. Ал екінші нұсқа бойынша, «Йарыш пен Ағұ арасындағы Жетібас (Жетісу) өңірі» мағынасын береді. Ал Йарыш «жарыс, бәйге өтетін жазық» пен Ағұ «суы немесе шөбі улы (әлде тұзды) жер» топонимдері ономаст және түркітанушы зерттеушілерге бұрыннан таныс.

Қорыта келгенде, көне жалқы есімнің немесе көне сөздің этимологиясын тап басып тану қиын екені және берілген анықтамалардың көбі болжамдық сипат алатыны тіл мамандарына мәлім қағида. Оның үстіне, көне түркі жазуынан аударғанда кететін қателіктердің әсерінен атаудың нақты мағынасынан адасып қалу қаупі де бар. Ол қателіктер көне түркі сөздерін оқығанда дауыстыны бұрыс қоюдан туындап жатады. Сондықтан, мақалада жасалған этимологиялық шолуды ақиқат шындық деп айтудан аулақпын, ал алып-қосарларларыңыз болса, әрине, қуана қабылдаймыз.



**Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (АР09260070 гранты).*



ИШАНОВА ЛӘЙЛІМ ЖҮСІПҚЫЗЫ

*Педагогика ғылымдарының
магистрі, Мемлекеттік тілді
дамыту институтының
ғылыми қызметкері*

ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ АУДАРМАЛАРЫ

Түркі халқының тасқа қашалып жазылған көне ескерткіштері халқымыздың тарихы мен мәдениетінен, жазу дәстүрінен, дүниетанымынан хабар беретін аса құнды дүниелер. Бұл ескерткіштерде кісі есімдері, жер-су аттары, ру-тайпа атаулары сияқты жалқы есімдер мен түркі халқының тарихын танытатын лексикалық қабаттың мол қоры жинақталған.

Енисей жазба ескерткіштері Қазақстан аумағында Тұйық ауылы, қазіргі Тыва, Хакасия, Алтай тауы, Краснояр өлкесі, Лена өзенінің жоғарғы ағысында, Абакан, Кемчик, Кем, Оя, Орхон, Енисей өзендерінің жағалауларынан табылған. Барлығы 150-ге жуық мәтін табылды. Олар VI-X ғасырларға жатады. Көне түркі руникалық жазуымен жазылған.

Енисей жазба ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер XVII - XVIII ғасырларда жарияланды. Ескерткіштерді зерттеумен Н. Витзеи, С. Ремезов,

Т.И. Старленберг, П.С. Паллас және басқалар ғалымдар айналысты.

Енисей ескерткіштерінің алғашқысы Ұйық-Тарлақ жазуы Қырғыз қағандығының дәуіріне жатады. Ескерткішті 1888 жылы Тарлақ өзенінің сол жағалауынан 2 км қашықтықтағы, Ұйықтың сол жақ саласы – Ыжынбұлақ тауының баурайынан фин археологы И.Р.Аспелин тапқан. 1916 жылы А.В.Адрианов Минусинск музейіне тапсырды. Ұйық-Тарлақ ескерткішін зерттеп, аудармасын жасауға В.В.Радлов, Х.Н.Орхун, С.Е.Малов, И.А.Батманов, А.Ч.Кунаа, И.Л.Кормушин, А.С.Аманжолов, Д.Д.Васильев, И.Л. Қызласов, Н. Базылхан, т.б. ғалымдар қатысты. Алайда ескерткіштің аудармаларында әркелкілік байқалады, кейбір сөздер өз мағынасында жұмсалмай, қате қолданыс тапқан.

А.С.Аманжоловтың аудармасы:



алты бау рудың бектері», батыр бекзаттары емес. ол керісінше «иесіз қалып бара жатқан, иеліксіз кетіп бара жатқан», «байсыз, ерсіз қалдың ғой, менен кейінгі ұрпақ, менен кейінгі «елім, ұлдарым, ханшайымдарым, халқым» деген этномәдени мәнде

Түпнұсқа	Транслитерация
»»Λ x»r»Λı (1)	Eсім urім aziisdім
»xrl»Y (2)	älim cânđim
x↑:»»»»xY (3)	är ärdämim äbim aquz
:↑l»»xY:»»»l (4)	aıda ägin är ärdämim aquz
»»:»»»»»»» (5)	är atім qısaqlıq: bän

қолданылған болса керек. Аталмыш сөздің этимологиялық төркіні idi // ije // e // + siz > esiz».

Біздіңше бұл сөз көне түркі тілінде қайран, бағалы, аяулы мағынасын білдірсе керек, қазіргі қазақ тіліндегі әзиз сөзі осы сөздің сарқыншағы болып табылады. А.С.Аманжолов та ескерткіштің қазақша аудармасында өкініш мағынасындағы «увы» одағайын қайран сөзімен алмастырған («Қайран елімнен, ханымымнан (бәйбішемнен) халқымнан, ұланымнан, қандай өкінішті, алпыс жасымда (айырылдым)») .

Ұйық Аржан ескерткіші Көктон шатқалындағы Ұйық өзенінің жағасынан табылған. 1916 жылы А. В. Андрианов ескерткішті Минусинск мұражайына көшіруді ұйымдастырды. Ескерткіш Аржандағы кіші қорғанның құрамдас бөлігі болып табылады және ежелгі көшпенділер кезеңі мен қола дәуіріне (б.з. д. VII-VI ғғ.) жатады. Ескерткіштің жоғарғы бөлігінде шеңбер, үш сызық, ортасында қару мен белгілер бейнеленген. Көне түркі жазуы төменнен жоғары қарай 2 жолмен ойылған.

А.С.Аманжоловтың аудармасы:

Достарым, ұлдарым, аздым,
Өз елімнен аңырап қалдым
Ер ерлігім, үйім (жұртым) – күз.

Аш, аю, ен! Ер ерлігім – шабуыл.

Ер атым – Яш Қарт.

Н.Базылханның аудармасы:

(1) Ер атым: Айашқа ... (?): мен:

(2) Қышқыш: ер ерлігім: қоныстас-ағайын

(3) ер ерлігім(ді): үйім: қоныстас-ағайын

(4) Еліме еттім:

() Жакыным ұрпағым: ажырастымыз:

И.В.Кормушиннің аудармасы:

(1) Мои супруги, мои сыновья – я перестал видеть и слышать вас.

(2) Моя страна, я...

(3) Моя доблесть мужа-воина, мой дом – о несчастье!

(4) ... моя воинская доблесть – о несчастье!

(5) Мое имя мужа-воина – Кышаклык.

И.Л.Кызласовтың аудармасы:

(1) (Вот) мое геройское имя: я – Йашкыс (?).

(2) Прокладывающая дорогу моя геройская доблесть, о горе!,

(3) моя геройская доблесть (и) мои домочадцы, о горе! (я расстался с вами).

(4) Я (благо)устроил моё владение,

(5) (а затем) (вместе) с моими товарищами и моими сыновьями (или: юными соратниками) я потерял дорогу (жизни и ушел без возврата).



ЖАҢАЛЫҚТАР

Өскемендік ғалымдар антитеррорлық сканер ойлап тапты

Өскемендегі Серікбаев атындағы техникалық университет ғалымдары адамды толық сканерлік тексеруден өткізетін құрылғы ойлап тапты. Бірнеше функцияны қатар орындайтын қондырғы оқу орнының кіреберісіне орнатылды. Ғимаратқа кірген адам турникеттен өткен кезде дене температурасын өлшеп, дезинфекция жасайды. Қауіпсіздік қондырғысына басқа оқу орындары мен мекемелерден тапсырыс түскен. Әзірге аппарат сынақтан өтіп жатқандықтан, авторлар оны әлі де жетілдіруді ойлап отыр. Айта кетейік, Ресейдің Пермь қаласындағы университетте болған қайғылы жағдайдан соң еліміздегі жоғарғы оқу орындары қауіпсіздікті күшейтті. Ғалымбек Оразбаев, университеттің қауіпсіздік қызметінің жетекшісі:

- Біздің университетте толық антитеррорлық бағаға сай турникетіміз бар. Металл детекторымыз бар. Металл іздейтін заттармен жабдықталған.

Отандық ғалымдар инновациялық құралдар әзірледі

ҚР БҒМ Ұлттық биотехнология орталығының ғалымдары терең жаралар мен күйіктерді емдеуге арналған бірнеше инновациялық құрал әзірледі. Олардың бірі – X-Graft биологиялық жабыны. Ол клиникалық зерттеулерден өтіп, көп ұзамай Қазақстан Республикасында тіркеледі. ҚР БҒМ мәліметінше, зерттеу

нәтижелері аталған биологиялық материалды қолдану жараны емдеу процесін едәуір тездететінін көрсетті. Сонымен қатар науқастардың ауруханада емделу кезеңін қысқартады.

«Орталық ғалымдары әзірлеген X-Graft жабыны заманауи инженерлік технологиялар көмегімен коллаген және эластин талшықтарынан жасалған.



Таңу материалы терең және ұзақ уақыт емделмейтін жараларға арналған, сонымен қатар трофикалық жараларды уақытша таңу үшін қолданылады. Жабын қолданыста ыңғайлы, дәке таңғышпен салыстырғанда жараның бетіне жабыспайды. Емдік қасиеттері бойынша аталған биологиялық жабын шетелдік аналогтардан кем түспейді және беріктігі жоғары, икемді әрі абсорбцияға ие», – деді ҚР БҒМ Ұлттық биотехнология орталығының бас директоры Ерлан Раманқұлов. Сондай-ақ Ұлттық биотехнология орталығының ғалымдары терең жаралар мен күйіктерді емдеуге арналған «Фиброспрей» жасушалық препаратын ойлап тапты. Аэрозоль адамның тері жасушаларының (фибробласттар) суспензиясынан



тұрады және жараның сауығу процесін екі есе жылдамдатады. Сонымен қатар клиникалық тәжірибеде бұл препарат тері трансплантацияларын тездету үшін қолданылады. Орталық ғалымдары сонымен қатар бағаналы жасушаларды қолдану арқылы күрделі сынықтар мен зақымдалған тізе буындарын қалпына келтіру технологиясын жасады. Клиникаға дейінгі сынақтардың нәтижелері бойынша биокомпозитті жасушалық гидрогель жоғары тиімділігін көрсетті. Гидрогельдің құрамындағы бағаналы жасушалар сүйек немесе шеміршек тіндерінің қалпына келу процесін тездетеді. Арнайы технологияның арқасында препарат операциядан кейін үш-алты ай ішінде зақымданған сүйек пен шеміршек тінін қалпына келтіреді.

Қазақстан 2022 жылы ТМД елдерінің білім беру саласындағы ынтымақтастық кеңесіне төрағалық етеді

Қазақстан 2022 жылы ТМД елдерінің білім беру саласындағы ынтымақтастық кеңесіне төрағалық етеді. Сондай-ақ елімізде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мұғалімдері мен білім беру саласы қызметкерлерінің VII съезі өтеді. ҚР БҒМ баспасөз қызметінің мәліметінше, мұндай шешім биыл Арменияда өткен ТМД елдерінің білім беру саласындағы ынтымақтастық кеңесі отырысының қорытындысы бойынша бірауыздан қабылданды. Оған Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Армения, Беларусь, Тәжікстаннан кеңес мүшелері,

сондай-ақ ТМД Атқарушы комитетінің өкілдері мен басқа да шақырылған тұлғалар қатысты. Қазақстанның атынан ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрайымы Гүлзат Көбенова барды. Талқылау барысында кеңеске қатысушы елдер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және орта білім беру жүйесіндегі жұмысын атап өтті. Мәселен, жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу, академиялық адалдықты қамтамасыз ету шеңберінде қабылданған заңнамалық нормалар, педагогтердің жалақысын жоғарылату, білім беру жүйесіндегі кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыс, сондай-ақ білім беру процесінде цифрлық технологияларды пайдалану үшін заңнамалық нормаларды жетілдіру. «Отырыста күн тәртібіндегі 19 мәселе талқыланды. Қатысушы елдердің білім беру саласындағы ынтымақтастығы бойынша мемлекетаралық бағдарламалар мен жоспарлар бекітілді. Енді мемлекеттер білім алушылар және ғылыми-педагогикалық қызметкерлер арасында өзара алмасу бойынша жұмысты кеңейтіп, жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты арттырады, сонымен бірге білім беру саласындағы өзара іс-қимылдың мемлекетаралық бағдарламаларын жасасады. Сондай-ақ интернет-ресурстарды пайдалана отырып, мемлекетаралық ақпарат алмасу ауқымын кеңейту, білім беру бағдарламаларын ілгерілету бойынша бірлескен іс-шаралар өткізу туралы шешім



ЖАҢАЛЫҚТАР

қабылданды», – деді Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрайымы Гүлзат Көбенова. Қазақстанда өтетін ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мұғалімдері мен білім беру саласы қызметкерлерінің VII съезінің тақырыбы пандемиядан кейінгі кезеңдегі білім беру процесінің жаңа болмысы мен трансформациясына арналады.

Жаңа пән енгізіледі

2022 жылдың қаңтар айынан бастап қазақстандық мектептерде бірінші сынып оқушылары цифрлық сауатын ашады. Үшінші тоқсанда оқу бағдарламасына алғаш рет «Цифрлық сауаттылық» пәні енгізіледі. Бұған дейін оқушылар үшінші сыныптан бастап «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін оқыған болатын.

«Оқу бағдарламасы сұраныс пен уақыт талаптарына сәйкес болуы тиіс. Бүгінгі таңда цифрлық әлемнің қарқынды дамып жатқанын көріп отырмыз. Қазір смартфондар мен компьютерлерді мектепке дейінгі кіші жастағы балалар пайдаланып жатады. Цифрлық сауаттылық – оқу мен жазу сияқты негізгі дағдылардың біріне айналып келеді. Сондықтан балаларды цифрлық сауаттылық және ақпараттық қауіпсіздік негіздеріне мүмкіндігінше ертерек үйрету маңызды. Әлбетте, жаңа пәнді оқыту барысында балалардың жас ерекшеліктері де ескерілетін болады», – деп атап өтті ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрайымы

Гүлмира Кәрімова. ҚР БҒМ баспасөз қызметінің мәліметінше, 4 сыныпқа арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» және 5-11 сыныптарға арналған «Информатика» пәндері бойынша оқу бағдарламалары қайта қаралды. Жаңашылдықтар балалардың ақпараттық технологиялар саласында сапалы білім алуына бағытталған. Мектеп бағдарламасы шеңберінде ең танымал Python бағдарламалау тілі оқытылады. Сондай-ақ 5-9 сынып оқушылары 3D-модельдеу мен 3D-принтинг бойынша білім алады. 10-11 сыныптардағы «Информатика» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы IT-саласының заманауи даму үрдістерін ескере отырып әзірленген. Оқыту бағдарламасында IT-STARTUP, виртуалды және толықтырылған шынайылық, жасанды интеллект, мобильді қосымшаларды әзірлеу, BigData және тағы басқа тақырыптар бар. Сондай-ақ барлық сыныптың оқу бағдарламаларына Интернет желісіндегі қауіпсіздік ережелері, авторлық құқық туралы тақырыптар енгізілген.

Мамандықтар тізімі кеңейтілді

Ғалымдар үшін «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдік тағылымдамадан өтуге арналған мамандықтар тізіміне тағы 18 мамандық енгізілді. Бағдарламаның операторы – ҚР БҒМ Халықаралық бағдарламалар орталығы. ҚР БҒМ мәліметінше, енді олар «Биология, молекулалық биология», «Ветеринария», «Компьютерлік лингвистика», «Ауыл шаруашылығы»,



«Құрылыс», «Жобалау», «Шахта құрылысы», «Физика», «Байланыс және ақпарат тарату жүйесі», «Радиотехнология», «Механика», «Статистика», «Есептеу технологиясы», «Антропология», «Орман ресурстарын қорғау», «Вакцинология», «Математика» бағыттары бойынша мемлекет есебінен әлемнің жетекші университеттері мен ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өте алады. Айта кетейік, 8 мамандық қолданыстағы аралас мамандықтарға енгізіліп, тағы 10-ы жаңа мамандық ретінде қосылды. Қазақстандық ғалымдар Гарвард университеті, Сорбонна университеті, Колумбия университеті, Йель университеті, Гонконг ғылым және технология университеті мен басқа да шетелдік жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өте алады. Осылайша, 2021 жылы қазақстандықтардың 147 мамандық бойынша тағылымдамадан өту мүмкіндігі бар, оның ішінде инновация және жаңа технологиялар бағыты бойынша – 14, индустриялық инженерия бағыты – 28, жаратылыстану ғылымдары – 9, әлеуметтік ғылымдар – 40, «Білім беру» бағыты – 9, «Медицина» бағыты – 37 және «Креативті индустрия» бағыты бойынша 13 мамандық бар. Естеріңізге сала кетейік, биыл «Ғалымдар» жаңа санаты бойынша 500 стипендия бөлінді. Стипендиялардың жалпы саны 1055-ке дейін өсті. Оның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, спорт саласының қызметкерлері, педагогтер, мемлекеттік қызметкерлер, инженер-техниктер үшін 5 санат бойынша тағылымдамадан өтуге

110 грант бөлінді. Конкурса қатысу үшін құжаттарды қабылдау 2021 жылғы 28 қазанға дейін жалғасады.

«Jastar jalyny-2021» фестивалінің жеңімпаздары марапатталды

«Қазақстан» орталық концерт залында елордалық жоғары оқу орындарының студенттері арасында өткізілген «Jastar jalyny-2021» фестивалінің жеңімпаздары марапатталды. Бір жұма бойы 10 номинацияның үздіктерін анықтаған байқау Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен Қазақстан жастар фракциясы өткізді. Фестивальде қаладағы 15 университеттің студенттері бар өнерін салды. Шараға қала әкімінің орынбасары Асхат Оралов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Елнұр Бейсенбаев, сол сияқты руханият, мәдениет салаларының өкілдері қатысты. Алғаш болып ҚР Жазушылар одағының Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы Дәулеткерей Кәпұлы «Поэзия» номинациясы бойынша үздік атанған студенттерді марапаттады. Бұл аталымда бас жүлде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті Али Бекмұхамедовке бұйырды. «Медиа» аталымы бойынша Қазақ ұлттық хореография академиясының студенті Ғұмар Сұлтанбектің туындысы үздік деп танылды. Би арқылы қоғамдағы ең өзекті әлеуметтік мәселені көтеріп, көптің көңілінен шыққан талапты жасқа жүлдесін «Қазақстан КВН Одағы» республикалық қоғамдық



ЖАҢАЛЫҚТАР

бірлестігінің төрағасы Есен Елеукең тапсырды. Кіл жүйріктен шын жүйрікті анықтаған «Айтыс» аталымы бойынша Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Ақбота Манарбектің жұлдызы жанды. Сөз додасынан оза шапқан жас ақынды филология ғылымдарының кандидаты Серікзат Дүйсенғазы марапаттады. «Ұлттық би» номинациясы бойынша Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық



университетінің өнерпаздарынан құралған «Шаттық» бишілер тобы үздік атанса, жас суретшілер арасындағы сайыста Аруай Тасмағамбетованың өнері жоғары бағаланды.

«Жастар қуаты» аталымы бойынша Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттерінен құралған «Самұрық» тобы мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік шықты. Олардың жүлдесін ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Елнұр Бейсенбаев табыс етті. «Музыкалық аспаптар» номинациясында да

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттерінен құралған шығармашылық ұжымның бағы жанды. Сәйкесінше олар жүлдені Нұр-Сұлтан қалалық Мемлекеттік филармониясының қазақ халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі, бас дирижері Айтқали Жайымовтың қолынан алды. «Театр» номинациясы бойынша Қазақ ұлттық хореография академиясының студенттері бас жүлдені жеңіп алды. «Заманауи би» және «Эстрада» аталымдарында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің биші студенттері жеңіс тұғырынан көрінді. Шара соңы фестиваль жеңімпаздарының гала-концертіне ұласты. Сонымен бірге елордалық өнерпаз

жастардың қуанышын бөлісуге Ринат Малцагов, Жанар Дұғалова сынды эстрада жұлдыздары келіп, әннен шашу шашты.

«Мұқағали» фильмі прокатқа шықты

«Мұқағали» жұртшылықпен қайта қауышты. Белгілі режиссер Болат Қалымбетовтың «Мұқағали» атты фильмі жарыққа шықты. Кинотуынды қазанның 21-інде ұлттық прокатқа шықты. Қазақтың ақиық ақынының



90 жылдығына орай түсірілген фильм акын өмірінің соңғы жылдарын баяндайды. Сюжет Өскемен, Алматы, Санкт-Петербург, сондай-ақ Алматы облысында өрбиді. Басты рөлді Асланбек Жанбалаев сомдады. Мақатаевтың бейнесін экран алдында айнытпай бейнелеу үшін актер ұлы акынмен жақын таныс болған адамдармен жиі сұхбаттасқан. “Мұқағали Мақатаев өмірінің соңғы жылдарында ауыр дертке шалдықты. Сондықтан кейбір кадр үшін маған арықтап, кейін қайта бұрынғы қалпыма келуім керек болды. Ақынның бойы өте ұзын болғанын



бірінші рет естідім”, - дейді Жанбалаев. Сондай-ақ кинода Нұрғиса Тілендиев, Бауыржан Момышұлы, Фариза Оңғарсынова сынды заңғар тұлғалардың да бейнесі сомдалған.

Фильмді мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша “Қазақфильм” киностудиясы түсірді.

“Мұқағали” филмінің сценарийін танымал жазушы Жүсіпбек Қорғасбек жазды. Ол режиссер Болат Қалымбетов

және Ғазиз Насыровпен бірге осымен үшінші рет бірлесіп фильм түсіріп отыр. Фильмнің режиссері мұзбалақ акын бейнесін үлкен экранға шығару үшін 15 жылдан астам уақыт еңбектенгенін айтады.

Германияда қарағандылық суретшінің көрмесі ашылды

«Күздің сүйген еріні». Осындай атаумен Германия астанасында қарағандылық суретші Мадихан Қалмахановтың көрмесі басталды. Берлиндегі галереялардың бірінде өтіп жатқан экспозицияда қазақтың тазысы, қолына домбыра ұстаған кентавр, тұлпарлар бейнеленген картиналар қойылды. Келгендер натюрморт пен портреттерді де тамашалай алады. Іс-



шара Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған. Сондықтан 30 картина қойылған.

Бұл Мадихан Қалмахановтың Германиядағы алғашқы көрмесі емес. Көрме қараша айының соңына дейін жалғасады. Алексей Шрайнер, Ars Pro Dono галереясының негізін қалаушы:



ЖАҢАЛЫҚТАР

– Осы туындыға жоғары баға берген бір неміс суретшісі болды. Ол мұнда шыны мен оның шағылысуын үлкен шеберлікпен екінің бірі жеткізе алмайтынын айтқан еді. Бұған көзі өткір, қолы алтын және шығармашылық әлеуеті зор суретшінің қабілеті ғана жетеді. Қазақстанға деген қызығушылық зор. Қазақ өнерін әлемдік шығармашылық әлеміне қосылған ең қызықты және ерекше өнер деп атар едім.

Текелідегі этнофестиваль

Темірден түйін түйіп, ағаштан ою ойған Алматы облысының қолөнер шеберлері Текелі қаласында бас қосты. Кенді шаһарда «Жетісу – Ұлы Жібек жолының жаңғыруы» атты этнофестиваль өтті. Ұсталар, ісмерлер мен зергерлер өз бұйымдарын көпшілік назарына ұсынып, өзара сынға түсті. Зайыт Сәйділхан – ұсталық пен зергерлікті қатар меңгерген қолөнер шебері. Ол темірден бәкі, кездік, қақпан, ал алтын, күмістен әшекейлерді жасайды.

Зайыт Сәйділхан сияқты 30-дан аса қолөнер шебері этнофестивальға қатысты. Олар құрақ көрпе, киіз өнімдер, ертұрман мен сазсырнай, ағаш астау, кәдесыйлар мен теріден жасалған картиналарды көпшілік назарына ұсынды.

Әйкеш Мұқашева, Қазақстанның Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері:

- Бір жарым жылдан бері мұндай жиын, ештеңе болмады. Бәріміз үйде отырдық. Енді міне көрме ұйымдастырып, жан-жақтан келіп көрсетіп жатыр. Біздің қаламызда көрсеткеніне қуаныштымыз. Бұрында мұндай көрмелер Талдықорғанда ғана болатын. Бұл өте жақсы үрдіс деп ойлаймын. Кейінгі жастарға үлгі. Ұлттық өнердің насихатшылары этнофестивальде өзара тәжірбие алмасты. Саланы дамытуға қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Анаркүл Жаманкүлқызы, ісмер:



- Осы қолөнерімізге көмектесіп, грант берсе, киіп жүрген киіміміз өте пайдалы болғаннан кейін мынау шетелдерден алғанша өзіміздің өндірісімізді дамытып шығарсақ па дейміз.

Фестиваль нәтижесі бойынша үздіктер анықталып, 9 аталым бойынша марапатталды. Өзге де қолөнер шеберлеріне алғыс хаттар табыс етілді. Салаға серпін беру мақсатында қоғамдық бірлестіктер мен туристік компаниялар арасында меморандум жасалды.



**«Қасиетті Қазақ елі»
халықаралық өнер фестивалі**

2021 жылғы 14-15 қазанда Павлодарда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай дәстүрлі «Қасиетті Қазақ елі» халықаралық өнер фестивалін өткізу қайта жанданды. Фестивальге еліміздің барлық өңірлерінен келген қазақстандықтар, Түркия, Моңғолия, Ресей, Қытай, Өзбекстан сияқты алыс және жақын шетелдерден келген 40 отандасымыз қатысты. «Қасиетті Қазақ елі» халықаралық өнер фестивалінің Гран-При иегерлері мен жүлдегерлеріне үш номинация бойынша арнайы медальдар, дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді. Фестиваль қорытындысы бойынша «Вокал»

«Халықтық қолданбалы қолөнер» номинациясының жеңімпаздары қазақстандық Анар Жұрағат пен Туғанай Жолақова, Ресейден келген қандастарымыз Артықбай Смағұлов және Өзбекстаннан Әлібек Нышанбаев болды. «Мүшайра» жанры бойынша: Өзбекстаннан Жарасқан Мерзамуратов, Моңғолиядан Данагүл Исахул және Шамшырақ Хаутай, Қазақстаннан Асхат Тәтгімбек. «Терме» бағыты бойынша Павлодар облысының тұрғыны Азамат Базарбай арнайы сыйлыққа ие болды. Фестивальдің мазмұнды бөлігі түрлі елде тұратын қандастардың бірлігі мен патриотизмі идеяларын ілгерілетуге бағытталған. Естеріңізге сала кетейік, фестиваль қандастар үшін дәстүрлі іс-шараға айналды, оның

мақсаты: отандастардың шығармашылық және білім беру әлеуетін арттыру, қазақ диаспорасына ана тілі мен мәдени құндылықтарды оқытуда әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетудің маңызды мәселелерін талқылау, дарынды орындаушыларды анықтап, оларды қолдау. Фестиваль Ақпарат және қоғамдық



номинациясының бас жүлдесін Түркиядан келген отандасымыз Гүлбуса Шендуран алды. Ол Анкарадағы Түркия мемлекеттік консерваториясында опера сыныбында оқиды.

даму министрлігінің қолдауымен «Отандастар қоры» мен «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы» бірлесе отырып ұйымдастырылды.



Меморандумға қол қойылды

15 қазан күні «Отандастар қоры» КЕАҚ мен Бас редакторлар клубы меморандумға қол қойды. Іс-шараға «Отандастар қоры» КЕАҚ Вице-Президенті Мағауия Сарбасов, Бас редактор клубының президенті Бибігүл Жексенбай, клуб мүшелері ардагер журналист Мұратбек Тоқтағазы, «Егемен Қазақстан» газеті АҚ Вице-Президенті Ерболат Қаман, «Түркістан» газетінің бас редакторы Қуат Әуесбай, «Білімді ел-Образованная страна» газетінің бас редакторы Ләззат Түркістанова, Бас редакторлар клубының атқарушы директоры Әсем Еселбаева, Қоғамның Баспасөз хатшысы Нұрымжан Жұмағазиев қатысты.

«Тәуелсіздік жылдарынан бері елімізге 1 млн. астам қандасмыз атажұртқа оралды. Биыл Иран және Ауғанстан мемлекеттерінен де қандастарымыз елге келгені көңілімізге қуаныш ұялатады. Алыстан келген ағайынға Сыртқы істер, Еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау, Ақпарат және қоғамдық даму, облыс әкімдіктері бірлесіп нәтижелі жұмыс атқарды. Сондықтан ел іші мен шетелдегі қандастарымыз үшін атқарылып жатқан жұмыстарды кеңінен насихаттауға ақпараттық қолдау қажет. Алдағы уақытта шетелдегі қазақ

тілінде шығатын БАҚ ассоциациясы құрғалы отырмыз. Бұл ақпарат алмасуға көп мүмкіндік береді», - дейді Мағауия Қанапияұлы.

Жиын барысында алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар талқыланып, бірлесіп жұмыс істеу жоспары пысықталды.

«Ақпарат жеткізу қызметін ілгерлету бойынша бірлесіп жұмыс істеуге өз ұсыныстарымызды жеткіземіз. Болашақта арнайы байқаулар жариялауға және шетелдегі қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарымен әріптестік орнатуға әзірміз. «Отандастар қоры» қолға алған жобалар мен тақырыптарды Бас редактор клубының мүшелеріне жеткізіп, өзекті тақырыптарды қозғауға болады. Бүгінде отандық бұқаралық ақпарат құралдары қандастар мәселелерін жиі көтеріп, көп көңіл бөлуде. Себебі, қазақ тілді БАҚ осы бағыттағы жұмыстың мемлекеттік маңыздылығын жақсы түсінеді», - дейді Бибігүл Нұрғалиқызы.



Шетелдік қандастар Жетісудің киелі жерлерімен танысты

Шетелде тұратын жас қазақтар 2021 жылғы 11-14 қазан аралығында өткен Жетісудің киелі жерлеріне «Киелі Қазақстан» атты экскурсияға қатысты.

Шараны Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Отандастар қоры» мен «Жас қазақ» жастар ұйымы бірлесіп ұйымдастырып отыр.

Іс-шараға шетелден келген қазақ қоғамдық ұйымдарының жас басшылары, Түркия, Иран, Ресей, Моңғолия, Өзбекстан, Қытай және Жапонияда тұратын, спорт және өнер саласында жетістікке жеткен журналистер, блогерлер мен отандастар қатысты.

Экскурсия барысында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Онда қатысушылар

«Қазақстанның киелі географиясы» көпфункционалды картасымен, Қазақстан тарихымен, сондай-ақ қазақ тілін оқыту әдістемелерімен, Қазақстандағы білім беру гранттарымен және шетелден келген жастарға арналған басқа да мүмкіндіктермен танысты.

Бірінші күні қатысушылар Райымбек батырдың кесенесі мен Алматы қаласының Республика алаңына барды. Екінші және үшінші күндері қатысушылар Есік қаласындағы «Алтын Адам» мұражайына, Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне, Алматы облысындағы Қайыңды және Көлсай көлдеріне барды.

Айта кетейік, мұндай экскурсиялар шетелдегі қазақ жастары үшін жыл сайын өткізіледі.



ÓSKEMENDIK ǴALYMDAR ANTITERRORLYQ SKANER OILAP TAPTY

Óskemendegi Serikbaev atyndaǵy tehnikalyq ýniversitet ǵalymdary adamdy tolyq skanerlik tekserýden ótkizetin qurylǵy oilap tapty. Birneshe fýnksıany qatar oryndaityn qondyrǵy oqý ornynyń kireberisine ornatyldy. Gımaratqa kirgen adam týrnıketten ótken kezde dene temperatýrasyn ólshep, dezinfeksiya jasaıdy. Qaýıpsizdik qondyrǵysyna basqa oqý oryndary men mekemelerden tapsyrys túsken. Ázirge aparat synaqtan ótip jatqandyqtan, avtorlar ony áli de jetildirýdi oilap otyr. Aıta keteıik, Reseıdiń Perm qalasyndaǵy ýniversitette bolǵan qaıǵyly jaǵdaıdan soń elimizdegi joǵarǵy oqý oryndary qaýıpsizdiktı kúsheıtti. Ǵalymbek Orazbaev, ýniversitetiń qaýıpsizdik qyzmetiniń jetekshisi:

- Bizdiń ýniversitette tolyq antiterrorlyq baǵaǵa saı týrnıketimiz bar. Metal detektorymyz bar. Metal izdeitin zattarmen jabdyqtalǵan.

Otandyq ǵalymdar inovasiyalyq quraldar ázirledi

QR BGM Ultyq biotehnologia ortalyǵynyń ǵalymdary tereń jaralar men kúikterdi emdeýge arnalǵan birneshe inovasiyalyq qural ázirledi. Olardyń biri – X-Graft biologiyalyq jabyny. Ol klinikalyq zertteýlerden ótip, kóp uzamaı Qazaqstan Respýblikasynda tirkeledi. QR BGM málimetinshe, zertteý nátıjeleri atalǵan biologiyalyq materialdy qoldaný jarany

emdeý prosesin edáýir tezdeteinin kórsetti. Sonymen qatar naýqastardyń aýrýhanada emdelý kezeńin qysqartady.

«Ortalyq ǵalymdary ázirlegen X-Graft jabyny zamanaýı injenerlik tehnologialar kómegimen kollagen jáne elastin talshyqtarynan jasalǵan. Tańy materialy tereń jáne uzaq ýaqt emdelmeitin jaralarǵa arnalǵan, sonymen qatar trofikalyq jaralardy ýaqtsha tańy úshin qoldanylady. Jabyn qoldanysta yńǵaıly, dáke tańǵyshpen salystyrǵanda jaranyń betine jabyspaıdy. Emdik qasıetteri boıynsha atalǵan biologiyalyq jabyn sheteldik analoglardan kem túspeıdi jáne beriktigi joǵary, ikemdi ári absorbsıaǵa ıe», – dedi QR BGM Ultyq biotehnologia ortalyǵynyń bas direktory Erlan Ramanqulov. Sondai-aq Ultyq biotehnologia ortalyǵynyń ǵalymdary tereń jaralar men kúikterdi emdeýge arnalǵan «Fibrospreı» jasýshalyq preparatyn oilap tapty. Aerosol adamnyń teri jasýshalarynyń (fibroblasttar) sýспенziyasynan turady jáne jaranyń saýyǵy prosesin eki ese jyldamdatady. Sonymen qatar klinikalyq tájiribede bul preparat teri transplantasialaryn tezdety úshin qoldanylady. Ortalyq ǵalymdary sonymen qatar baǵanaly jasýshalardy qoldaný arqyly kúrdeli synyqtar men zaqymdalǵan tize býındaryn qalpyna keltirý tehnologiasyn jasady. Klinikaga deıingi synaqtardyń nátıjeleri boıynsha biokompozitti jasýshalyq gidrogel joǵary tuımdiligin kórsetti. Gıdrogeldiń quramyndaǵy baǵanaly jasýshalar súiek



nemese shemirshek tinderiniń qalpyna kelý prosesin tezdetedi. Arnaýy tehnologiyanıń arqasynda preparat operasıadan keıin úshalytı aı ishinde zaqymdanǵan súıek pen shemirshek tinin qalpyna keltiredi.

Qazaqstan 2022 jyly TMD elderiniń bilim berý salasyndaǵy yntymaqtastyq keńesine tóraǵalyq etedi

Qazaqstan 2022 jyly TMD elderiniń bilim berý salasyndaǵy yntymaqtastyq keńesine tóraǵalyq etedi. Sondai-aq elimizde TMD-ǵa qatysýshy memleketterdiń muǵalimderi men bilim berý salasy qyzmetkerleriniń VII sezi ótedi. QR BGM baspasóz qyzmetiniń málimetinshe, mundaı sheshim bıyl Armeniada ótken TMD elderiniń bilim berý salasyndaǵy yntymaqtastyq keńesi otyrysynıń qorytyndysy boıynsha biraýyzdan qabyldandy. Oǵan Qazaqstan, Resei, Qyrǵyzstan, Ózbekstan, Armenia, Belarýs, Tájikstannan keńes músheleri, sondai-aq TMD Atqarýshy komitetiniń ókilderi men basqa da shaqyrylǵan tulǵalar qatysty. Qazaqstannyń atynan QR BGM Bilim jáne ǵylym salasynda sapany qamtamasyz etý komitetiniń tóraıymy Gúlzat Kóbenova bardy. Talqylaý barysynda keńeske qatysýshy elder Qazaqstan Respýblikasy Bilim jáne ǵylym ministrliginiń joǵary jáne orta bilim berý júesindegi jumysyn atap ótti. Máselen, jańa bilim berý baǵdarlamalaryn engizý, akademialyq adaldyqta qamtamasyz etý sheńberinde qabyldanǵan zańnamalyq normalar, pedagogterdiń jalaqysyn joǵarylatý, bilim berý júesindegi kadrlardyń biliktiligin arttyrý boıynsha jumys, sondai-aq bilim berý prosesinde sıfırlıq tehnologialardy

paıdalaný úshin zańnamalyq normalardy jetildirý. «Otyrysta kún tártibindegi 19 másele talqylandy. Qatysýshy elderdiń bilim berý salasyndaǵy yntymaqtastyǵy boıynsha memleketaralyq baǵdarlamalar men josparlar bekitildi. Endi memleketter bilim alýshylar jáne ǵylymı-pedagogıkalyq qyzmetkerler arasynda ózara alması boıynsha jumysty keńeitip, joǵary oqý oryndary arasyndaǵy yntymaqtastyqta arttyrady, sonymen birge bilim berý salasyndaǵy ózara is-qımyldyń memleketaralyq baǵdarlamalaryn jasasady. Sondai-aq internet-resýrstardy paıdalana otyryp, memleketaralyq aqparat alması aýqymynkeńeitý, bilim berý baǵdarlamalaryn ilgeriletý boıynsha birlesken is-sharalar ótkizý týraly sheshim qabyldandy», – dedi Bilim jáne ǵylym salasynda sapany qamtamasyz etý komitetiniń tóraıymy Gúlzat Kóbenova. Qazaqstanda ótetin TMD-ǵa qatysýshy memleketterdiń muǵalimderi men bilim berý salasy qyzmetkerleriniń VII seziniń taqyryby pandemıadan keıingi kezeńdegi bilim berý prosesiniń jańa bolmysy men transformasıasyna arnalady.

Jańa pán engiziledi

2022 jyldyń qańtar aıynan bastap qazaqstandyq mektepterde birinshi synyp oqýshylary sıfırlıq saýatyn ashady. Úshinshi toqsanda oqý baǵdarlamasyna alǵash ret «Sıfırlıq saýattylyq» páni engiziledi. Buǵan deın oqýshylar úshinshi synıptan bastap «Aqparattyq-kommúnıkasıalyq tehnologialar» pánin oqyǵan bolatyn.

«Oqý baǵdarlamasy suranys pen ýaqyt talaptaryna saıkes bolýy tiis. Búgingi tańda sıfırlıq álemniń qarqyndy damyp jatqanyn





kórip otyrmyz. Qazir smartfondar men kompúterlerdi mektepke deingi kishi jastaǵy balalar paldalanyp jatady. Sıfırlıq saǵattylyq – oqy men jazy sıaqty negizgi daǵdylardyń birine aınalyp keledi. Sondyqtan balalardy sıfırlıq saǵattylyq jáne aqparattyq qaýıpsızdik negizderine múmkindigin she erterek úırety mańyzdy. Álbette, jańa pándi oqyty barysynda balalardyń jas erekshelikteri de eskeriletin bolady», – dep atap ótti QR BGM Mektepke deingi jáne orta bilim komitetiniń tóraıymy Gúlmıra Kárimova. QR BGM baspasóz qyzmetiniń málimetinshe, 4 synypqa arnalǵan «Aqparattyq-kommúnıkasıalyq tehnologıalar» jáne 5-11 synyptarǵa arnalǵan «Informatıka» pánderi boıynsha oqy baǵdarlamalary qaita qaraldy. Jańashyldyqtar balalardyń aqparattyq tehnologıalar salasynda sapaly bilim alýyna baǵyttalǵan. Mektep baǵdarlamasy sheńberinde eń tanymal Python baǵdarlamalaý tili oqytylady. Sondai-aq 5-9 synyp oqyshylary 3D-modeldey men 3D-printing boıynsha bilim alady. 10-11 synyptardaǵy «Informatıka» páni boıynsha úlgilik oqy baǵdarlamasy IT-salасыnyń

zamańaýı damy úrdisterin eskere otyryp ázirlengen. Oqyty baǵdarlamasynda IT-STARTUP, vırtýaldy jáne tolyqtyrylǵan shynaiylyq, jasandy intellekt, mobıldi qosymshalardy ázirley, BigData jáne taǵy basqa taqyryptar bar. Sondai-aq barlyq synyptyń oqy baǵdarlamalaryna Internet jelisindegi qaýıpsızdik erejeleri, avtorlyq quqqq týraly taqyryptar engizilgen.

Mamandyqtar tizimi keńeitildi

Ǵalymdar úshin «Bolashaq» baǵdarlamasy boıynsha sheteldik taǵylymdamadan ótyge arnalǵan mamandyqtar tizimine taǵy 18 mamandyq engizildi. Baǵdarlamanyń operatory – QR BGM Halyqaralyq baǵdarlamalar ortalyǵy. QR BGM málimetinshe, endi olar «Biologia, molekylalyq biologia», «Veterinariya», «Kompúterlik lingvıstika», «Aýyl sharıashylyǵy», «Qurylys», «Jobalaý», «Shahta qurylysy», «Fızika», «Bailanys jáne aqparat taraty júesi», «Radiotehnologia», «Mehanika», «Statistika», «Esepteý tehnologıasy», «Antropologia», «Orman resýrstaryn qorǵaý», «Vaksınologia», «Matematika» baǵyttary boıynsha memleket esebinen álemnıń jetekshi ýnıversıtetteri men ǵylymı ortalyqtarynda taǵylymdamadan óte alady. Aıta keteik, 8 mamandyq qoldanystaǵy aralas mamandyqtarǵa engizilip, taǵy 10-y jańa mamandyq retinde qosyldy. Qazaqstandyq ǵalymdar Garvard ýnıversiteti, Sorbonna ýnıversiteti, Kolýmbia ýnıversiteti, Iel ýnıversiteti, Gonkong



«Jastar jalyny-2021» festivaliniń jeńimpazdary marapattaldy



ғылым және технология ынiversiteti мен басқа да шетeldik жоғары оқы орындарында тағылымдамдан өте алды.

Осылаша, 2021 жылы қазақстандықтардың 147 мамандық бойынша тағылымдамдан оты мүмkindigi бар, onyń ishinde inovasiya және jańa tehnologiyalar baғыty бойынша – 14, indýstrialyq injeneriya baғыty – 28, jaratylыstaný ғылымдары – 9, áleýmettik ғылымдар – 40, «Bilim berý» baғыty – 9, «Medisina» baғыty – 37 және «Kreativti indýstriya» baғыty бойынша 13 мамандық бар. Esterinizge sala keteyik, byl «Galymdar» jańa sanaty бойынша 500 stipendia bólindi. Stipendialardyń jalpy sany 1055-ke deyin ósti. Onyń ishinde densaýlyq saqtaý, mádeniet, sport salasynyń qyzmetkerleri, pedagogter, memlekettik qyzmetkerler, injener-tehnikter úshin 5 sanat бойынша тағылымдамдан отыге 110 grant bólindi. Konkýrsqa qatysý úshin qujattardy qabyldaý 2021 жылғы 28 qazanға deyin jalғasady.

«Qazaqstan» ortalyq konsert zalynda elordalyq joғary oqý oryndarynyń stýdentteri arasynda ótkizilgen «Jastar jalyny-2021» festivaliniń jeńimpazdary marapattaldy. Bir juma boy 10 nominasiyaný úzdikterin anyqtağan baiqaý Nur-Sultan qalасыnyń Jastar saiasaty máseleleri basqarmасыnyń qoldaýymen Qazaqstan jastar

fraksiyasы ótkizdi. Festivalde qaladaғы 15 ынiversitetiniń stýdentteri bar ónerin saldy. Sharaға qala ákiminiń orynbasary Ashat Oralov, QR Parlamenti Májilisiniń depýtaty Elnur Beisenbaev, sol shaqty rýhamiat, mádeniet salalarynyń ókilderi qatysty. Algash bolyp QR Jazyshylar odaғыnyń Nur-Sultan qalalyq filialynyń toraғasy Dáýletkererı Kápuлы «Poezia» nominasiyasы бойынша úzdik atanған stýdentterdi marapattady. Bul atalymda bas júldes L.N. Gýmilev atyndaғы Eýraziya ulttyq ынiversitetiniń stýdenti Alı Bekmuhamedovke buyrды. «Media» atalymy бойынша Qazaq ulttyq horeografiya akademiasynyń stýdenti Gumar Sultanbektiń týyndysy úzdik dep tanyldy. Bı arqyly qoғamdaғы eń ózekti áleýmettik máseleli kóterip, kóptiń kónilinen shyqqan talapty jasqa júldesin «Qazaqstan KVN Odaғы» respýblikalyq qoғamdyq birlestiginiń toraғasy Esen Eleýken tapsyrды. Kil júrikten shyn júrikti anyqtağan «Aitys» atalymy бойынша Qazaq ulttyq óner



ЖАҢАЛЫҚТАР



«Shattyq» bishiler toby úzdik atansa, jas sýretshiler arasyndaǵy saıysta Arýai Tasmaǵambetovanyń óneri joǵary baǵalandy.

«Muqáǵalı» filmi prokatqa shyqty

«Muqáǵalı» jurtsylyqpen qaita qaýyshty. Belgili rejisór Bolat Qalymbetovtyń «Muqáǵalı» atty filmi



ýniversitetiniń stýdenti Aqbota Manarbektiń juldyzy jandy. Sóz dodasynan oza shapqan jas aqyndy filologia ǵylymdarynyń kandidaty Serikzat Dúisengazy marapattady. «Ulttyq bı» nominasiyası boıynsha Sáken Seıfýllin atyndaǵy Qazaq agrotehnikalyq ýniversitetiniń ónerpazdarynan quralǵan

jaryqqa shyqty. Kınótýyndy qazannyń 21-inde ulttyq prokatqa shyqty. Qazaqtyń aqıyq aqynynyń 90 jyldyǵyna orai túsirilgen film aqyn ómiriniń sońǵy jylдарын baıandadı. Sújet Óskemen, Almaty, Sankt-Peterbýrg, sonдай-aq Almaty oblysynda órbıdi. Basty róldi



Aslanbek Janbalaev somdady. Maqataevtyń beinesin ekran aldynda ainytpaı beineleý úshin aktór uly aqynmen jaqyn tanys bolǵan adamdarmen jii suhbattasqan. “Muqaǵalı Maqataev ómiriniń sońǵy jyldarynda aýyr dertke shaldyqty. Sondyqtan keibir kadr úshin maǵan aryqtap, keirin qaita buryńǵy qalpyma kelým kerek boldy. Aqynnyń boıy óte uzyn bolǵanyn birinshi ret estidim”, - deıdi Janbalaev. Sondai-aq kinoda Nurgısa Tilendiev, Baýyrjan Momyshuly, Farıza Ońǵarsynova syndy zańǵar tulǵalardyń da beinesi somdalǵan.

Filmdı mádeniet jáne sport ministrliginiń tapsyrysy boıynsha “Qazaqfilm” kinostýdiasy túsirdi.

“Muqaǵalı” filminiń senariin tanymal jazýshy Júsipbek Qorǵasbek jazdy. Ol rejisór Bolat Qalymbetov jáne Ğazız Nasyrovpen birge osymen úshinshi ret birlesip film túsirip otyr. Filmiń rejisóri muzbalaq aqyn beinesin úlken ekranǵa shyǵarý úshin 15 jyldan astam ýaqyt eńbektengenin aıtady.

Germaniada qaraǵandylyq sýretshiniń kórmesi ashyldy

«Kúzdiń súıgen erini». Osyndaı ataýmen Germanıa astanasynda qaraǵandylyq sýretshi Madıhan Qalmahanovtyń kórmesi bastaldy. Berlindegi galereialardyń birinde ótip jatqan ekspozisiada qazaqtyń tazysy, qolyna dombyra ustaǵan kentavr, tulparlar beinelengen kartınalar qoiyldy. Kelgender natúrmort pen portretterdi de tamashalaı alady. Is-shara Qazaqstan táyelsizdiginiń 30 jyldyǵyna arnalǵan. Sondyqtan 30 kartına qoiylǵan.

Bul Madıhan Qalmahanovtyń Germaniadaǵy algashqy kórmesi emes. Kórme qarasha aınyń sońyna deın jalǵasady. Aleksei Shraıner, Ars Pro Dono galereiasynyń negizin qalaýshy:

– Osy týnydyǵa joǵary baǵa bergen bir nemis sýretshisi boldy. Ol munda shyny men onyń shaǵylysyń úlken sheberlikpen ekiniń biri jetkize almaıtynyn aıtqan edi. Buǵan kózi ótkir, qoly altyn jáne shyǵarmashylyq áleyeti zor sýretshiniń qabileti ǵana jetedi. Qazaqstanǵa degen qyzyǵyshylyq zor. Qazaq ónerin álemdik shyǵarmashylyq álemine qosylǵan eń qyzyqty jáne erekshe óner dep atar edim.

Tekelidegi etnofestival

Temirden túin túip, aǵashtan oıy oıǵan Almaty oblysynyń qolóner sheberleri Tekeli qalasynda bas qosty. Kendi shaharda «Jetisý – Uly Jibek jolynyń jańǵyrýy» atty etnofestival ótti. Ustalar, ismerler men zergerler óz buıymdaryn kópshilik nazaryna usynyp, ózara synǵa tústi. Zayıt Sáıdilhan – ustalyq pen zergerlikti qatar meńgergen qolóner sheberi. Ol temirden báki, kezdik, qaqqan, al altyn, kúmisten áshekeilerdi jasaıdy.

Zayıt Sáıdilhan sıaqty 30-dan asa qolóner sheberi etnofestivalǵa qatysty. Olar quraq kórpe, kiiz ónimder, erturman men sazsyraı, aǵash astaý, kádesyılar men teriden jasalǵan kartınalardy kópshilik nazaryna usyndy.

Áıkesh Muqasheva, Qazaqstannyń Eńbek sińirgen mádeniet qairatkeri:

- Bir jarym jyldan beri mundaı jıyn, eshteńe bolmady. Bárimiz úıde otyrdyq.



ЖАҢАЛЫҚТАР

Endi mine kórme uıymdastyryp, jan-jaqтан kelip kórsetip jatyr. Bizdiń qalamyzda kórsetkenine qýanyshymyz. Burynda mundaı kórmeler Talдықoǵanda ǵana bolatyn. Bul óte jaqsy úrdis dep oilaimyn. Keingi jastarǵa úlgi. Ultyq ónerdiń nasihatshylary etnofestivalde ózara tájirbie almasty. Salany damytýǵa qatysty ózekti máselelerdi talqylady. Anarkúl Jamanqulqyzy, ismer:

- Osy qolónerimizge kómektesip, grant berse, kiip júrgen kiimimiz óte pайдaly bolǵannan keiin mynaý shetelderden alǵansha ózimizdiń óndirisimizdi damytyp shyǵarsaq pa deimiz.



Festival nátiyesi boıynsha úzdikter anyqtalyp, 9 atalym boıynsha marapattaldy. Ózge de qolóner sheberlerine alǵys hattar tabys etildi. Salaǵa serpin berý maqsatynda qoǵamdyq birlestikter men týristik kompanıalar arasynda memorandým jasaldy.

«Qasietti Qazaq eli» halyqaralyq óner festivali

2021 jylǵy 14-15 qazanda Pavlodarda el Táýelsizdiginiń 30 jyldyǵyna orai dástúrli «Qasietti Qazaq eli» halyqaralyq óner festivalin ótkizý qaita jandandy Festivalge elimizdiń barlyq ómirlerinen kelgen qazaqstandyqtar, Túrkia, Mońǵolia, Resei, Qytaı, Ózbekstan sıaqty alys jáne jaqyn shetelderden kelgen 40 otandasymyz qatysty. «Qasietti Qazaq eli» halyqaralyq óner festivaliniń Gran-Prı iegerleri men júldegerlerine úsh nominasiya boıynsha arнай medaldar, diplomdar men baǵaly

sylyqtar tabys etildi. Festival qorytyndysy boıynsha «Vokal» nominasiyasynyń bas júldesin Túrkıadan kelgen otandasymyz Gúlbýsa Shendýran aldy. Ol Ankaradaǵy Túrkia memlekettik konservatoriasynda opera synybynda oqıdy.

«Halyqtyq qoldanbaly qolóner» nominasiyasynyń jeńimpazdary qazaqstandyq Anar Juraǵat pen Týǵanaı Jolaqova, Reseiden kelgen qandastarymyz

Artyqbaı Smaǵulov jáne Ózbekstannan Álibek Nyshanbaev boldy. «Múshaira» janry boıynsha: Ózbekstannan Jarasqan Merzamýratov, Mońǵoliadan Danagúl Isahýl jáne Shamshyraq Haýtaı, Qazaqstannan Ashat Táttimbek. «Terme»



бағыты бойынша Павлодар облысының тұрғыны Азамат Базарбай арнайы сылыққа іе болды. Фестивалдің мазмұнды бөлігі түрлі елде тұратын қандастардың бірлігі мен патриотизмі идеяларын ілгерілетіуге бағытталған. Естеріңізге сала кетейік, фестиваль қандастар үшін дәстүрлі іс-шараға айналды, оның мақсаты: отандастардың шығармашылық және білім беріу әлеуетін арттырыу, қазақ диаспорасына ана тілі мен мәдени құндылықтарды оқытуда әдістемелік және ұйымдастырылушылық қолдау кórсетудің маңызды мәселелерін талқылау, дараындай шешімдерді анықтау, оларды қолдау. Фестивал Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Отандастар қоры» мен «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығуы» бірлесіп отырып ұйымдастырылды.

Memorandumға қол қоюлды

15 қазан күні «Отандастар қоры» КЕАҚ мен Bas редакторлар кльбы меморандумға қол қойды. Іс-шараға «Отандастар қоры» КЕАҚ Vісе-презіденти Мағауыа Сарбасов, Bas редактор кльбының презіденти Бібігұл Жексенбай, кльб мүшелері ардагер жырналс Муратбек Тоқтағазу, «Егемен Қазақстан» газеті АҚ Vісе-презіденти Ерболат Қаман, «Түркстан» газетінің бас редакторы Қыат Аыесбай, «Білімді ел-Образованная страна» газетінің бас редакторы Лаззат Түркстанова, Bas редакторлар кльбының атқарушы директору Асем Еселбаева, Қоғамның Баспасөз хатшису Нурымжан Жумағазіев қатысты.

«Тәуелсіздік жылдарынан бері елімізге 1 млн. астам қандасуымыз атажұртқа оралды. Біыл Іран және Аығанстан мемлекеттерінен

де қандастаруымыз елге келгені кónілімізге қуаныш ұялатады. Алыстан келген ағауынға Сыртқы істер, Еңбек және халықты әлеуеттік қорғау, Ақпарат және қоғамдық даму, облыс әкімдіктері бірлесіп нәтижелі жұмыс атқарды. Сондықтан ел іші мен шетелдегі қандастаруымыз үшін атқарулып жатқан жұмыстарды кеңінен насихаттауға ақпараттық қолдау қажет. Алдағы уақытта шетелдегі қазақ тілінде шығатын БАҚ асыасыасын құрғалу отыруымыз. Бул ақпарат алмасуға көп мүмкіндік береді», - деіді Мағауыа Қанарпаулы.

Жұын барысында алдағы уақытта атқарулатын жұмыстар талқулануып, бірлесіп жұмыс істеу жоспаруы псықталды.

«Ақпарат жеткізу қызметін ілгерілету бойынша бірлесіп жұмыс істеуге өз ұсынустаруымызды жеткіземіз. Болашақта арнайы бауқаулар жаруалауға және шетелдегі қазақ тілді буқаралық ақпарат құралдаруымен әріптестік орнатуға әзірміз. «Отандастар қоры» қолға алған жұбалар мен тақырыптарды Bas редактор кльбының мүшелеріне жеткізіп, өзекті тақырыптарды қозғауға болады. Бүгінде отандық буқаралық ақпарат құралдаруы қандастар мәселелерін жиі кóтеріп, көп көңіл бóлуыде. Себебі, қазақ тілді БАҚ осы бағыттағы жұмыстың мемлекеттік маңыздылуығын жақсу тусінеді», - деіді Бібігұл Нурғалуқызы.

Шетелдік қандастар Жетісудің кіелі жерлерімен танусту

Шетелде тұратын жақ қазақтар 2021 жылғы 11-14 қазан аралуығында óткен Жетісудің кіелі жерлеріне «Кіелі Қазақстан» атты екскүрсіаға қатысты.





Sharany Aqparat jáne qoǵamdyq damý ministriginiń qoldaýymen «Otandastar qory» men «Jas qazaq» jastar uıymy birlesip uıymdastyryp otyr.

Is-sharaǵa shetelden kelgen qazaq qoǵamdyq uıymdarynyń jas basshylary, Túrkia, Iran, Resei, Mońǵolia, Ózbekstan, Qytaı jáne Japonıada turatyn, sport jáne óner salasynda jetistikke jetken jýrnalister, bloggerler men otandastar qatysty.

Ekskýrsıa barysynda dóńgelek ústel uıymdastyryldy. Onda qatysýshylar «Qazaqstannyń kıeli geografıasy» kópfýnksionaldy kartasymen, Qazaqstan tarihy men, sondaı-aq qazaq tilin oqytý

ádistemelerimen, Qazaqstandaǵy bilim berý granttarymen jáne shetelden kelgen jastarǵa arnalǵan basqa da múmkindiktermen tanysty.

Birinshi kúni qatysýshylar Raıymbek batyrdyń kesenesi men Almaty qalasynyń Respýblika alańyna bardy. Ekinshi jáne úshinshi kúnderi qatysýshylar Esik qalasyndaǵy «Altyn Adam» murajaiyna, Sharyn memlekettik ulttyq tabıǵı parkine, Almaty oblysyndaǵy Qaiyndy jáne Kólsaı kólderine bardy.

Aıta keteik, mundaı ekskýrsıalar sheteldegi qazaq jastary úshin jyl saıyn ótkiziledi.



ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Жарысқазан

«Жарысқазан дегеніміз – аяғы ауыр келіншектің толғағы басталған кезеңде жасалынатын әдет-ғұрып, салт-дәстүр. Толғақ басталғаннан бастап енесі көрші-көлем, жақын-жуық әйелдерді шақырып, толғағы тез болып, бала ертерек туылсын деген ырымменен жарысқазан береді. Яғни қазанға ет салып, жиюлы жүкті шешіп, көрпе-төсектің бәрін жазып, осы тәрізді ырымдар жасаған. Ол келіннің тезірек босануын тілеумен байланысты ғұрып. Жарысқазан ғұрпының әр жерде әрқалай өзіндік дәстүр-салты бар. Кейбір жерлерде қазанға ет салып, көрші-көлемді шақырып, ет піскенше бала ертерек туылсын деген ырыммен көрпе-төсек, тағы басқаны ақтарып, жазады. Жарысқазан жасалғанда ешкім асын аяп, іркіп қалмайды. Әр үйде бірнеше жерде қазан асылады. Келіншек босана алмай қиналып, толғақ ұзаққа созылып кетсе,



қазан басында жүрген әйелдер қазанға пышақты жанып: «Қара қазан бұрын пісе ме? Қара қатын бұрын туа ма?», – деп дауыстап қояды. Келіншек аман-есен қол-аяғын бауырына алса, ауыл жұрты жиылып, босанған келіннің қалжасынан дәм татады.

Жарысқазан – тек қазан асылуы емес. Толғатқан келіншектің белбеуі босатылып, жеңіл босануына бар жағдай жасалады. Үй ішіндегі сандық, абдыралардың ашылады. Арнайы түйрелген қарынның да аузы босайды. Мұнда орындалғанның барлығы – келіннің тез босануына арналған ырымдар. Дүниеге аман-есен сәби келгеннен кейін жарысқазанның арты шілдеханаға ұласады.

Өңір салу

Өңір салу – отқа шақырумен бірге болып жататын кәденің бірі. Өңір салу дәстүрімен келген қонақтар жаңадан құрылған отбасының отауына тұрмыстық заттар, келіншекке қажетті бұйымдар, киім-кешек пен тағы да басқа күнделікті өмір үшін керекті дүниелерді әкелетін болған.

Өңір салу дәстүрі бойынша, әркім өз қолында барын, жағдайы жететін затын әкеледі, жағдайы болмаса ырымдап үкі, бүркіт тұяғын да апарған. Ал өңір салу дәстүрімен барған әрбір қонақты қазақтар ерекше күтіп, малын сойып, мол дастархан жайған. Мұнда ең маңыздысы – келген әрбір қонақтың риза болып қайтуы.



ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Рәсім аяқталғаннан кейін қонаққа сарқыт беріліп, ол шыт көлемінде бөлінген матаға түйілген. Мұның мағынасы “жұғысты болсын” дегенді білдіреді.

Қазақта сәби дүниеге келген күннен бастап оның әрбір қадамы назардан тыс қалмай, түрлі салт-дәстүрмен және ырымдармен аталып отыратын.



Бұл дәстүр жас отбасының тезірек аяққа тұрып кетіп, ел қатарына қосылып, жас келіннің жоқ заты көп болып, біреуге алақан жайып қалмауы үшін жасалатын болған.

Бәсіре



Сондай салттың бірі - бәсіре атау. Ұл бала дүниеге келгенде дәл сол мезетте төлдеген құлынды бәсіре деп атайды. Бәсіре ат 4-5 жастағы балаға беріледі. Ол барынша жүйрік, мықты болуы қажет. Көбіне бәсірені баланың өз ата-анасы, нағашылары сыйлайды. Тарихқа үңілсек, қазақ халқының ұғымы бойынша, дүниеге келген баланың болашағы өзіне атап берген бәсіремен байланысты болады деп саналған. Ал бала өз кезегінде оны күтіп, бағып, үй шаруасына бейімделеді. Осыдан бала еңбекқор және ер мінезді болып өседі.

Бәсіре атаудың мақсаты - баланы жастайынан еңбекке баулу. Еншісіне тиген тайды баптап-өсіру бала үшін де қызықты болған. Сыйға тартқан бәсіресі өсіп келе жатқан баланы болашаққа, жақсы күндерге апаратын көлігі, қанаты болсын деп ырымдаған.



Ойлан, тап!

Дәстүр атауы мен мақсатын сәйкестендіріңіз.

Жарысқазан	баланы жастайынан еңбекке баулу
Өңір салу	Келіннің тез босануы
Бәсіре	Жас отбасына көмек беру

Дәстүр атауы мен оған қатысты кілт сөздерді сәйкестендіріңіз.

Жарысқазан	Ұл, мал, еңбек.
Өңір салу	Қонақ, сыйлық, мал сою
Бәсіре	Қазан, сәби, толғақ.

Ребустарды шешіңіз.



””””



” ”””



””””””



””



”” ””

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ:
Авторлардың стилі, орфография қақы сақталады.
Мақалалар редакцияның көзқарасын білдірмейді.

ТУҒАН ТІЛ

Мемлекеттік тілді дамыту институтының
компьютер орталығында теріліп, беттелді.

КОРРЕКТОРЫ:
Аягүл Омарова
ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:
Жазира Бексейтова

Теруге жіберілген күні 25.10.2021 ж.
Басуға қол қойылған күні 16.11.2021 ж.
Шартты баспа табағы 13.
Пішімі 60x90 1/8
Таралымы 100 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы
Қазақстан Республикасы, 050010,
Алматы қ., Құрманғазы, 40, бөл. 42
tugantil2019@mail.ru